Қазақстан Республикасы
ҰЛТТЫҚ
МУЗЕЙІ

МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 3006-1377 (online)

№ 3 (114)

Астана
2026

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік – саяси ғылымдар кандидаты, алқа төрағасы (Қазақстан)

ИБРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы – алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы – ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЯҒАН Бүркітбай Гелманұлы – ҚР ҰҒА құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері (Қазақстан)

ОҢҒАРҰЛЫ Ақан – тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)

ИСМАИЛОВА Жанат Хамидовна – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Өзбекстан)

ЦЗИ Сяофен – PhD докторы (Қытай)

ВОЛЬФРАМ Сабине – PhD докторы (Германия)

ШТЕЙН Гил – PhD докторы (АҚШ)

ОУТРАМ Алан – PhD докторы (Ұлыбритания)

ШОМФАЙ Иштван – PhD докторы (Венгрия)

ӘБДУАҚАП Қара – PhD докторы (Түркия)

ДАВЫДОВ Владимир Николаевич – әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, PhD докторы (Ресей Федерациясы)

АҒАТАЙ Өткірбай Мылтықбайұлы – PhD докторы (Қазақстан)

ДУВАНБЕКОВ Руслан Сабырұлы – PhD докторы (Қазақстан)

ИСКАКОВ Қуаныш Алдабергенұлы – PhD докторы (Қазақстан)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Ayagan Burkitbay	– Honorary Academician of the NAS RK, doctor of Historical Sciences, Professor, Honored Worker of RK (Kazakhstan)
Ongaruly Akan	– candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Umitkaliev Ulan	– candidate of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Ismailova Zhanat	– doctor of Historical Sciences, Professor (Uzbekistan)
Ji Xiaofen	– PhD (China)
Wolfram Sabine	– PhD (Germany)
Gil Stein	– PhD (USA)
Alan Outram	– PhD (UK)
Somfai Istvan	– PhD (Hungary)
Abdulvahap Kara	– PhD (Turkey)
Davydov Vladimir	– candidate of Sociological Sciences, PhD (Russian Federation)
Agatay Otkirbay	– PhD (Kazakhstan)
Duvanbekov Ruslan	– PhD (Kazakhstan)
Iskakov Kuanysh	– PhD (Kazakhstan)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік – кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА Акмарал Госмановна – заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожахметович – академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ Зайнолла Самашевич – доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЯГАН Буркитбай Гелманулы – Почетный академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор, Заслуженный деятель РК (Казахстан)

ОНГАРУЛЫ Акан – кандидат исторических наук (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ Улан Умиткалиевич – кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ИСМАИЛОВА Жанат Хамидовна – доктор исторических наук, профессор (Узбекистан)

ЦЗИ Сяофен – PhD доктор (Китай)

ВОЛЬФРАМ Сабине – PhD доктор (Германия)

ШТЕЙН Гил – PhD доктор (США)

ОУТРАМ Алан – PhD доктор (Великобритания)

ШОМФАЙ Иштван – PhD доктор (Венгрия)

КАРА Абдуакап – PhD доктор (Турция)

ДАВЫДОВ Владимир Николаевич – кандидат социологических наук, PhD доктор (Российская Федерация)

АГАТАЙ Уткирбай Мылтыкбайулы – PhD доктор (Казахстан)

ДУВАНБЕКОВ Руслан Сабырулы – PhD доктор (Казахстан)

ИСКАКОВ Куаныш Алдабергенович – PhD доктор (Казахстан)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Музей ісі / Museology / Музейное дело

Yang Hanlin Familiar difference: object selection, visual display, and aesthetic translation of Splendid Silk in Kazakhstan
Янг Ханлин Өзгедегі таныс бейне: Қазақстандағы «Керемет жібек» көрмесінің нысандарын іріктеу, визуалдық экспозиция және эстетикалық трансляция
Янг Ханлин Знакомое в ином: отбор объектов, визуальная экспозиция и эстетическая трансляция выставки «Великолепный шёлк» в Казахстане..... 8

Абильдаева Л.О. Музейдегі бейнелеу өнері коллекциясындағы қазақтың тұрмысы мен мәдениеті: Әбілхан Қастеевтің туындылары негізінде
Абильдаева Л.О. Быт и культура казахского народа в коллекции изобразительного искусства музея (на основе произведений Абылхана Кастеева)
Abildayeva L.O. Kazakh everyday life and culture in the museum's fine art collection (based on the works of Abilkhan Kasteev)..... 18

Мукашева Г.К. Сундук, связанный с купеческой династией Кубриных: история происхождения и бытования музейного предмета
Мукашева Г.К. Көпес Кубриндер әулетімен байланысты қаңылтырмен қапталған сандық: музейлік заттың шығу тарихы және тұрмыста қолданылуы
Mukasheva G.K. Forged metal chest associated with the Kubrin merchant dynasty: the history of the museum object and its use in everyday life..... 37

Археология / Archaeology / Археология

Ярыгин С.А., Сакенов С.К., Нускабай А.А. Кельтообразный молоток с поселения Атшубар
Ярыгин С.А., Сакенов С.Қ., Нұсқабай Ә.А. Атшұбар қонысынан табылған кельт тәрізді балға
Yarygin S. A., Sakenov S. K., Nuskabay A.A. A celt-shaped hammer from the Atshubar settlement..... 53

Дүйсенбай Д.Б., Надыров Ж.О., Мұсырманқұл П.Б., Касымханова Т.Б., Қасенәлі А.Е. Жүкей қорымындағы археологиялық зерттеулердің нәтижелері
Дуйсенбай Д.Б., Надыров Ж.О., Мусырманкул П.Б., Касымханова Т.Б., Касенали А.Е. Результаты археологических исследований на могильнике Жукей
Duisenbay D.B., Nadyrov Zh.O., Musyrmankul P.B., Kassymkhanova T.B., Kassenali A.E. Results of archaeological research at the Zhukey burial ground..... 66

Utubayev Zh., Suyundikova M., Shagirbayev M., Akkaliyeva A. Egistik mausoleum: ritual rites and traditions of sacrifice
Утубаев Ж.Р., Суюндикова М.К., Шағырбаев М.С., Аққалиева А.Ш. Егістік кесенесі: ғұрыптық жоралғылар мен құрбандық шалу дәстүрі
Утубаев Ж.Р., Суюндикова М.К., Шагирбаев М.С., Аккалиева А.Ш. Мавзолей Егистик: обрядность и практика жертвоприношения..... 82

Шашенов Д.Т., Есен С.Г. Жанисов А.Т. Жиенбай қыстауында жүргізілген зерттеу нәтижелері
Шашенов Д.Т., Есен С.Г., Жанисов А.Т. Результаты исследования зимовки Жиенбай
Shashenov D.T., Yessen S.G., Zhanisov A.T. The results of a study of the Zhienbai wintering site..... 97

Хасенова Б.М. Архитектура погребальных сооружений населения Кимекского каганата
Хасенова Б.М. Қимақ қағанаты халқының жерлеу ескерткіштерінің сәулеттік ерекшеліктері
Khassenova B.M. Architecture of funerary buildings of the Kimek khaganate people.....110

Билялова Г.Д. Мавзолеи Сарыарки XIII–XV вв.: история изучения и новые археологические данные

Білəлова Г.Д. Сарыарқаның XIII–XV ҒҒ. кесенелері: зерттелу тарихы және жаңа археологиялық деректер
Bilyalova G.D. The mausoleums of Saryarka (13th–15th centuries): history of research and new archaeological evidence..... 122

Молдахмет А.А., Елеуов М., Валиулина С.И., Құрманиязов Ы.С. Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы ортағасырлық шыны бұйымдары: құрамы, технологиясы және археологиялық маңызы
Молдахмет А.А, Елеуов М., Валиулина С.И., Курманиязов Ы.С. Средневековые стеклянные изделия нижнего течения реки Сырдарьи: состав, технология и археологическое значение
Moldakhmet A.A., Eleuov M., Valiulina S.I., Kurmaniyazov Y.S. Medieval glass objects from the lower Syr Darya: composition, technology, and archaeological significance..... 139

Камалдинов И., Буранбаев Р., Нұрғали Н., Арынов Қ. Сүткент қаласын археологиялық зерттеудің жаңа нәтижелері (2025 ж. материалдар бойынша)
Камалдинов И., Буранбаев Р., Нургали Н., Арынов К. Новые результаты археологических исследований на городище Сюткент (по материалам 2025 г.)
Kamaldinov I., Buranbayev R., Nurgali N., Arynov K. New results of archaeological research at the Syutkent settlement (based on 2025 data)..... 160

Сыдығалиев С.М., Кунанбаева Ш.Б. Системы жизнеобеспечения населения поздней бронзы Северного Казахстана: палеоэкологическая реконструкция
Сыдығалиев С.М., Құнанбаева Ш.Б. Солтүстік Қазақстанның кейінгі қола дәуіріндегі халықтың тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері: палеоэкологиялық қайта құрылымдау
Sydygaliyev S.M., Kunanbayeva Sh.B. Subsistence systems of the Late Bronze Age population of Northern Kazakhstan: a paleoecological reconstruction..... 176

Этнология / Ethnology / Этнология

Смағұлов Б.Қ., Әшім Б.Ә. Г.Е. Катанаевтың материалдары мен еңбектеріндегі қазақ халқының этнографиясы жөнінде мәліметтер
Смагулов Б.К., Ашим Б.А. Сведения по этнографии казахского народа в материалах и трудах Г.Е. Катанаева
Smagulov B.K., Ashim B.A. Information on the ethnography of the kazakh people in the materials and works of G.E. Katanaev..... 196

Кошман Т.В., Ғайса А.М. Некрополь Ахметаул в Центральном Казахстане: мемориализация потомков Қоңыр-Құлжа төре в XIX–XXI вв.
Кошман Т.В., Ғайса А.М. Орталық Қазақстандағы Ахметаул қорымы: XIX–XXI ғасырлардағы Қоңыр-Құлжа төре ұрпақтарының мемориалдандыру дәстүрі
Koshman T.V., Gaisa A.M. Ahmetaul Necropolis in Central Kazakhstan: the memorialization of the descendants of Konyr-Kulzha tore in the 19th–21st centuries..... 209

Маулет А., Нұрдаулет П., Камунов С. Ақтөбе қазақтарының материалдық емес мәдени мұрасын инвентаризациялау: кейбір ұлттық тағам дәстүрлері
Маулет А., Нурдаулет П., Камунов С. Инвентаризация нематериального культурного наследия казахов Актюбинской области: некоторые традиции национальной кухни
Maulet A., Nurdaulet P., Kamunov S. Inventory of the intangible cultural heritage of the Kazakhs of the Aktobe region: selected traditions of national cuisine..... 220

Жалелов Д.С. Қазақ жыраулық және түрік ашықтық дәстүрі: этномәдени сабақтастықтың этнологиялық қырлары

Жалелов Д.С. Казахская традиция жырау и турецкая традиция ашиков: этнологические аспекты этнокультурной преемственности
Zhalelov D.S. The Kazakh Zhyrau and Turkish Aşik traditions: ethnological dimensions of ethnocultural continuity..... 238

Мейрманова Г.А., Егізбаева М.К., Терекбаева Ж.М. Қазақ балаларының дәстүрлі ойындары мен ойыншықтарының мәдени мұрадағы сабақтастығы
Мейрманова Г.А., Егизбаева М.К., Терекбаева Ж.М. Преемственность традиционных игр и игрушек казахских детей в культурном наследии
Meyrmanova G.A., Yegizbayeva M.K., Terekbayeva Zh.M. Continuity of traditional games and toys of Kazakh children in cultural heritage..... 250

Жуандыкова А.Д., Искаков К.А. Иран қазақтарының үйленуге дейінгі рәсімдері: диаспора жағдайындағы мәдени сабақтастық
Жуандыкова А.Д., Искаков К.А. Предсвадебные обряды казахов в Иране: культурная преемственность в условиях диаспоры
Zhuandykova A.D., Iskakov K.A. Pre-wedding rituals of Kazakhs in Iran: cultural continuity in the context of the diaspora..... 264

Тарих / History / История

Тастанбеков М.М., Сандыбаева А.Д. Ясауи кесенесіне тиесілі болған тарихи-мәдени мұралар
Тастанбеков М.М., Сандыбаева А.Д. Историко-культурные ценности мавзолея Ясави
Tastanbekov M., Sandybayeva A. Historical and cultural heritage of the Yasawi Mausoleum..... 274

Порсин А.А., Ағатай Ө.М. Хан Жәнібек әскерінің 1346 жылы Каффада оба індеті өршіген кездегі іс-әрекеттері
Порсин А.А., Агатай У.М. Действия армии хана Джанибека во время вспышки чумы в Каффе в 1346 г
Porsin A.A., Agatay O.M. The actions of khan Janibeg's army during the plague outbreak in Caffa in 1346..... 295

Тарих/ History/ История

МРНТИ 03.61.91 https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.19

***Тастанбеков М.М.[1], Сандыбаева А.Д.[2]**
[1]«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы
Түркістан, Қазақстан Республикасы
[2]Халықаралық Туризм және меймандостық университеті
Түркістан, Қазақстан Республикасы
e-mail: murat-t@mail.ru

ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНЕ ТИЕСІЛІ БОЛҒАН ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАЛАР

Аңдатпа. Мақалада Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қатысты тарихи-мәдени мұралар жан-жақты зерттеу нысаны ретінде қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – кесенеде әр кезеңде сақталған және түрлі тарихи жағдайларға байланысты әкетілген тарихи жәдігерлерді деректік материалдар негізінде іздестіру, олардың қазіргі орналасқан жерлерін анықтау. ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұралар тізіміне енген бірегей сәулет ескерткіші – Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің мемлекет қорғауына алынғанға дейін жоғалған, ұрланған немесе әкетілген заттарына қатысты зерттеу жүргізілді. Зерттеу барысында архивтік құжаттар, мерзімді басылымдар, естелік еңбектер мен ғылыми мақалалар пайдаланылып, аталған тарихи жәдігерлерге қатысты ғылыми тұрғыдан негізделген ақпарат ұсынылды.

Сондай-ақ, Ясауи кесенесіне тиесілі болған тарихи-мәдени мұралар үш топқа бөлініп, кесенеде сақталған, әкетілген орындары анықталған, қайда екені белгісіз ескерткіштерге жіктеледі. Ахмет Ясауи кесенесінің Қазақстанның ғажап мұрасы ретінде беймәлім тұстарын тану және таныту, кесенеге тиесілі болған Қазақстан мен шет мемлекеттердің музей, архив, кітапханаларында сақталған тарихи-мәдени мұраларды анықтау бойынша тың деректер беріледі және оларға ғылыми талдау жасалады. Тақырыпты зерттеу барысында деректерді талдау, тұжырымдар мен фактілерді салыстыру, болжам жасау әдістері қолданылған. Сонымен қатар, мақалада тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің көшірмелері мен суреттерін алу, зерттеу-зерделеу, ғылыми айналымға енгізу, тақырыптық көрме ұсыну және кесене тарихын зерттеудің деректік қорын кеңейту жөнінде ұсыныстар беріледі.

Кілт сөздер: Қожа Ахмет Ясауи, Әзірет Сұлтан, Ясауи кесенесі, Түркістан, шырағдан, экспонат, музей, көрме, архив.

Дәйексөз үшін: Тастанбеков М.М., Сандыбаева А.Д. Ясауи кесенесіне тиесілі болған тарихи-мәдени мұралар // Мәдени мұра. 2026. №3 (114). бб. 274-294 (қаз.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.19

Кіріспе

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – Қазақстан Республикасынан ЮНЕСКО тізіміне бірінші болып енген ескерткіш, бүкіл халқымыздың зор мақтанышы, айрықша құндылық. Ортағасырлық сәулет өнерінің дара үлгісі ретінде бізге дейін жеткен Қожа Ахмет Ясауи кесенесі өзінің ғажап архитектурасымен қатар, XIV–XV ғасырлардың шеберлері жасаған алып тайқазан, қола шырағдандар, қола лаухасы бар ту, қабіржапқыш, өрнекті есіктері сияқты көркем дүниелермен де ерекшеленеді. Кесене ұлттық мұраның аса маңызды нысаны болса, ондағы сақталып жеткен заттардың да тарихи-мәдени мұра ретіндегі маңызы зор. Әлемдік мұралар тізіміне алынған Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің өзіндік, көп айтыла бермейтін тарихы бар. Солардың бірі ұлы тұлғаның кесенесінен жоғалған және әкетілген заттардың бар екендігі. Алты жүз жылдан астам тарихында кесенеге тиесілі көптеген құндылықтар

жоғалып, тыс жерлерге әкетілген. Олардың бір бөлігі шетелдік музейлер, кітапханалар мен архивтерде сақталса, кейбірінің қазіргі орны белгісіз.

Ясауи мазаратының басына зәулім кесене тұрғызылғаннан кейінгі ғасырларда кесенеге сый етілген заттардың саны артқанымен, олардың жоғалу, алып кету, т.б. жағдайлардың жалғасуы мәселеге ғылыми тұрғыдан зерттеу нысаны ретінде қарау өзектілігін тудырып отыр. «Әзірет Сұлтан» музей-қорығы ұйымдастырылғанға дейін түрлі тарихи кезеңдерде кесенеден белгілі және белгісіз жағдайлармен Қазақстан мен шетел мемлекеттеріне өткен жәдігерлер мәселесі арнайы мамандар мен қоғам назарынан тыс қалған емес.

Осыған байланысты Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мұраларының тарихи тағдырын анықтау, жоғалу және әкетілу себептерін зерделеу, қазіргі сақталу орындарын нақтылау және деректік негізін толықтыру мен жүйелеу – өзекті ғылыми мәселелердің бірі. Бұл зерттеу ұлттық тарихи-мәдени мұраны түгендеуге ғана емес, тарихи жадыны қалпына келтіруге, деректер мен анықталған құндылықтарды ғылыми айналымға енгізуге және оларды болашақта елге қайтару немесе көшірмелерін жасату жұмыстарына негіз қалыптастыруға бағытталады.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне тиесілі, ел ішінде сақталған, Қазақстан аумағынан әкетілген және қазіргі орналасқан жері белгісіз тарихи-мәдени мұраларды анықтау, олардың тарихи тағдырын архивтік, жазба, археологиялық және бейнелік деректер негізінде кешенді түрде зерттеу және жүйелеу – ғылыми мақаланың негізгі мақсаты. Аталған құндылықтардың тарихын бір жүйеге келтіріп, оларды сақталған және әкетілген орны анықталған, бірақ қазіргі орны белгісіз мұралар ретінде топтастыруды – зерттеудің ғылыми жаңалығы ретінде қарастыруға болады. Әртүрлі ғылыми еңбектер мен архивтік, мерзімдік және бейнелік деректерді салыстыру арқылы Ясауи мөрі, он бір Ахметтің туы, жоғалған есік тоқпақшалары, тәсбих, кітаптар мен кесене құжаттары сияқты мұралардың тарихы нақтыланады. Бұл тәсілдер жоғалған мұраларды іздестіруге, электрондық дерекқор қалыптастыруға, олардың негізгі сипаттамасын жасауға және шетелдегі нұсқалардың көшірмелерін елге әкелу жұмыстарын жүйелеуге негіз болады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Ясауи кесенесіне тиесілі бұйымдардың тоналу тарихы тереңде, Әмір Темір мен Тоқтамыс ханның қақтығыстары кезеңінен бастау алады. Сол себепті көтеріліп отырған мәселе тарихнамасы да тереңде жатыр. Әмір Темір Гураганның пәрменімен Қожа Ахмет Ясауи бейітінің басына кесене тұрғызғанға дейінгі XII ғасырдағы алғашқы кесенесі Тоқтамыс хан тарапынан қиратылып және тоналғаны тарихтан белгілі. Е. Массон «Қожа Ахмет Ясауи мавзолейіне» атты кітабында (Массон, 1930: 9) Молла Имам Сағнақи еңбегіне сүйеніп, Алтын Орданың ханы Тоқтамыстың кезекті жорығында Қожа Ахмет Ясауи мазарына зиярат етушілердің алып келген құнды заттары мен Ясауи ұрпақтарының мүліктерін алып кеткендігін атап өтеді: «Шараф әд-Дин Әли Йездидің келтірген деректері бойынша, 1388 жылы Ясыны Тоқтамыстың әскерлері талқандап, түрік тайпаларының қасиетті мекеніне айналған Қожа Ахмет Ясауи мазарын тонайды. Әмір Темір Тоқтамысты талқандағаннан кейін жаулап алған олжаның бір бөлігін Қожа Ахмет Ясауи кесенесін салуға жұмсайды» - деген деректерді келтіреді. Аталған мәселе туралы О. Дастанов та: «1387 жылы Алтын Орда ханы – Тоқтамыс, Орта Азияға қайта-қайта шабуыл жасаған. Бір рет келгенінде ол Қожа Ахмет Ясауи мазарын күзетуші шайхтардың дүниесіне қоса, «әулиеге» тиісті мүлікті де алып кетеді» [Дастанов, 1967: 8], - деп жазады. Бұл жерде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің алғашқы тоналғаны туралы жазғанымен, кесенеге тиесілі қандай құнды заттардың болғандығы немесе нендей бұйымдардың қолды болғаны туралы мәлімет айтылмайды.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне тиесілі болған мұралар мәселесі, мәселенің тарихнамасы дегенде «Әзірет Сұлтан» музей-қорығы ұйымдастырылғанға дейін түрлі тарихи кезеңдерде кесенеден белгілі және белгісіз жағдайлармен жоғалған және әкетілген құндылықтар мәселесі сөз болмақ. Зерттеудің деректік негізін архивтік құжаттар, мерзімді басылымдар, музей қорының материалдары, қолжазбалар, есептер, естеліктер мен ғылыми еңбектер құрады.

Архивтік деректер қатарында Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің (ҚРОМА) 374-қоры, 1-тізбесі, 5153-ісінде сақталған Ясауи мөрінің 1848 жылғы құжатқа түскен бедері, Түркістан облысы мемлекеттік архивінің (ТОМА) 1129-қоры, 3-тізбесі, 90-іс материалдарындағы

1889 жылғы оқиғалар барысында Ясауи мөрі мен Ясауи тәсбихіне қатысты мәліметтер, Өзбекстан Республикасы орталық мемлекеттік архивінің (ӨзР ОМА) И-1-қоры, 12-тізбе, 828-істе 1906 жылы жоғалған шырағдан бойынша 15 наурыз – 3 сәуір аралығындағы хат алмасулар, Қазақстан Республикасы Президенті архивінің (ҚР ПА) 141-қоры 1-тізбесі, 1881-ісіндегі тайқазан мен шырағдандарды қайтару мәселесіне қатысты 1935–1937 жылдардағы жазылған хаттар мен құжаттар қарастырылды.

Мерзімді басылымдардан XIX–XX ғасырлар тоғысындағы «Туркестанские ведомости» (ТВ) газетінің материалдары ерекше маңызға ие. Ташкент қаласында алғашқы басылып шыққан газет бүкіл Түркістан өлкесіне таратылды. Біздің зерттеу тақырыбымызға қатысты материалдар осы газет беттерінде көптеп жарияланды. Атап айтқанда, 1893 жылғы №63 санында Диваевтың Күлтөбеден табылған піл мүсіні, 1901 жылғы №39 санында Әмір Темірдің Ясауи кесенесіне берген вакф құжатының аудармасы, 1906 жылғы №26 санында шырағданның үстіңгі бөлігінің ұрланғандығы туралы хабарлама, 1906 жылғы № 94 санында Н.Ф. Петровскийдің ұрланған шырағданға қатысты сұраулары, 1906 жылғы №99 санында В.В. Вяткиннің оқиға туралы Н.Ф. Петровскийге берген жауабы, 1910 жылғы №162 санындағы салыстыру үшін шырағданның астыңғы бөлігін сұрату және 1913 жылғы №253 санындағы Императорлық археологиялық комиссияның өтініші мақала жазу барысында пайдаланылды. Шырағданға қатысты жарияланымдар оның жоғалу және іздеу тарихын хронологиялық тұрғыдан нақтылауға мүмкіндік береді.

П.Н. Ахмеровтың «Описание печати Ахмеда Ясави» (1896), А. Семеновтың «Мечеть Ходжа Ахмеда Есевийского» (1926), М.Е. Массонның «О постройке мавзолея Ходжа Ахмеда в городе Туркестане» (1929), Б.В. Лунинның «Из истории русского востоковедения и археологии в Туркестане» (1958), Б.Т. Тұяқбаеваның «Эпиграфический декор архитектурного комплекса Ахмеда Ясави» (1989), А.Ивановтың «О молотках на дверях усыпальницы мавзолея Ходжа Ахмеда Ясеви» (1995), А. Муминовтың «Исторические документы Йасави» (2017), М. Тұяқбаевтың «Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар» (2000), М.Тастанбековтың «Ахмет Ясауи кесенесіне тиесілі жәдігерлер» (2020) және «Қожа Ахмет Ясауи қабірханасының есігі және жоғалған тоқпақшалар» (2021) еңбектері мен зерттеулері негізгі ғылыми база ретінде пайдаланылды. Бұл еңбектердегі тарихи мұралар туралы мәліметтер бір-бірін толықтырып тұрумен ерекшеленеді.

Кесенеге тиесілі мұралар мәселесі жөнінде М. Тұяқбаевтың «Алып кетілген, жоғалған және ұрланған жәдігерлер» (2019), Ә. Муминов пен М. Қожаның «Кесененің қолды болған жәдігерлері жайында» (2018), Т. Жұртбайдың «Кеудесі қуыс қалған далам-ай...» (2001), О. Дастановтың «Әулиелі жерлер» туралы шындық» (1967) және т.б. мақала, есеп, еңбектеріндегі ұстанымдары назарға алынды.

Алаштың ардақтылары Міржақып Дулатовтың 1913 жылы «Қазақ» газетінің алғашқы сандарында жариялаған «Хазірет сұлтан» (Түркістан. 7 қараша (№ 44) мақаласы, Жүсіпбек Аймауытовтың 1929 жылы қамауға алынардан бұрын жариялаған «Әзірет Сұлтан» (Жаңа әдебиет. №1. 70-81 беттер) мақалаларында жерленген тұлғалар мен кесене ішінде тұрған заттар туралы баяндалады. Дулатов тайқазан мен кітаптар, кесененің жөндеу жұмыстарына жанжақтан жинаған мал туралы жазса, Аймауытов құлпытастар, шамдал, лауха тудағы қодас жүні, Татар көпесінің сыйы т.б. мол ақпарат береді.

Сонымен қатар, неміс және француз деректерінен Ясауи кесенесі және ондағы жәдігерлер, кесененің сызба суреттері туралы мәліметтер Н. Витсеннің «Северная и Восточная Тартария» (2006), Ш.Е. Ужфальвидің «Сырдарья-Зеравшан. Страна семи рек и Западная Сибирь» (2006), Бурдон М. Ужфальвидің «Из Оренбурга в Самарканд, Фергана, Кульджа и Западная Сибирь» (2006) т.б. шетелдік ғалым-саяхатшылардың естелік жазбаларынан қолданылды.

Марат Қымызұлы бұл жәдігерлерді «алып кетілген, жоғалған, ұрланған» деп топтайды. Біз аталған мәселенің деректік қоры және тарихнамасымен таныса келе, Ясауи кесенесіне тиесілі жәдігерлерді сақталған, әкетілген орны анықталған, бірақ қазіргі орны белгісіз мұралар ретінде үш топқа жіктеуді жөн көріп отырмыз. Бұл топтау олардың тарихи тағдырын саралауға және ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік беретін болады.

Мақаланы жазу барысында тарих ғылымында кеңінен орын алған зерттеу әдістері мен принциптер, атап айтқанда тарихи-салыстырмалы, хронологиялық, деректанулық, жүйелеу, типологиялық және визуалды

талдау әдістері басшылыққа алынды. Архивтік құжаттар мен мерзімді басылымдағы мәліметтер өзара салыстырылып, олардың уақыттық және мазмұндық сәйкестігі тексерілді. Сондай-ақ, хронологиялық талап шеңберінен шықпау т.б. қатаң сақталып, жүзеге асырылды.

Осы әдістердің жиынтығы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне тиесілі жәдігерлердің қозғалысын кезең-кезеңімен қалыпқа келтіруге, олардың қазіргі орналасқан жерлерін нақтылауға және жоғалған мұраларды әрі қарай іздестіру мен көшірмелерін жасатуға негіз болатын ғылыми деректік жүйе қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Талдау

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне тиесілі болған, кесене тарихымен тығыз байланысты бұйымдарды тарихына қарай, сақталу, әкетілу және жоғалу жағдайларын салыстыра зерттеуге мүмкіндік беретін үш топқа жіктеуге болады. Біріншісі, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде сақталып бүгінгі күнге дейін жеткен, қазіргі таңда музей-қорықтың қорын толтырып тұрған жәдігерлер. Екіншісі, Ясауи кесенесінен әкетілген, жоғалған және қазіргі уақытта әлем музейлері, кітапханалары, архивтерінде анықталған тарихи-мұралар. Үшіншісі, кесене үшін арнайы жасалып, мақсатты қолданыста пайдаланылып келген, жоғалу жағдайы мен қазіргі орны белгісіз, кейбірінің сызба-суреттері ғана сақталған бұйымдар.

Бірінші топқа жататын мұралар Ясауи кесенесімен тікелей байланысты құндылықтар екендігімен маңызды. XIV–XV ғасырлардың шеберлері жасаған кесененің қақпа есігі, қабірхана есігі, қабіржапқыш, тайқазан, қола шырағдандар, қола лауха, құбба, кесене ішінде сақталған құлпытастар туристер назарына ұсынылатын және ең сұранысқа ие жәдігерлер болып табылады. Аталған жәдігерлерді 1958 жылы Ясауи кесенесінің сақтаушысы лауазымына қабылданған Орынбай Дастанов тізімдеп, 1967 жылы ашылған музей-қорықтың қорына өткізген. Олар жөнінде монография, мақала жазылып, ақпарат құралдары мен әлеуметтік желіде біршама жарияланып жүр. Дей тұрғанмен, осы тұстас жәдігерлердің бөлшектері қақпа есіктің ауысқан ілгегі мен жоғалған ысырмасы, тудың шашағы бекітілген темір бөлшегі, қабірхана есігінің ұрланған тоқпақшасы, шырағдан даналарының Лувр және Эрмитаждағы нұсқаларының тарихы кейінгі екі топтамада талқыланатын болады. Қабірхана есігінің маңдайшасында орнатылған Әмір Темір шежіресі жазылған тақтайша, XII–XIV ғасырлардың қаптама қыштары, қақпа есік табалдырығы, құрылыс кезінде пайдаланылған шығыр мен ұста заттары және XVIII–XIX ғасырларға тән кесене ішінде сақталып жеткен панжара, жазба тақтайшалар, шамдал, жолбарыс терісі, арқар бас сүйектері т.б. музей қорындағы жәдігерлер де назар аударарлық мұралар. Олардың бірқатары еліміздің Ұлттық мәдени мұра игіліктер объектісі тізіміне енгізілген.

Екінші топқа Ясауи кесенесінде ұзақ уақыт сақталып, белгілі-белгісіз себептермен жоғалған, қазіргі уақытта тұрған орындары белгілі және анықталған мұраларды жатқызамыз. Кесененің қабірхана және кітапхана бөлмесіндегі тұрған құрандар мен хикмет кітаптары, әлемдік музейлерден орын алып отырған шырағдандар, кесененің қаптама қыштары, ұстындар, балбал тастар мен басқа да археологиялық табылымдар т.б. құндылықтар жатады. Бұл мұралардың қысқаша тарихы, оның ішінде жоғалған уақыты мен оларды анықтау бойынша атқарылған жұмыстар, кейінгі ғылыми ізденістер туралы мақала барысында нақтырақ аталады.

Үшінші топқа келсек, он бір Ахмет есімі жазылған Ясауи мөрі (1797 жылы жасалған), Ясауи есімі ғана жазылған мөр, Тайқазан құлақшаларына байланған он бір Ахмет тулары, Ясауидің тәсбихы, екі арыстан, бес құс бейнеленген қақпа есіктің ысырмасы (засов), қабірхана есігінің тоқпақшасы (алқасы), кесене пештағында ілулі тұрған мыс шар, кесене ішінде болған құлпытастар, Қылует жерасты мешітінің есігі, кесенеде жерленгендер тізімі жазылған жеті дәптер, кесене құжаттары т.б. жатқызуға болады. Бұл жәдігерлер бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде аталғанымен, өкінішке орай бізге дейін жетпеген. Бұлардың ішінде 1797 жылы жасалған он бір Ахмет есімі жазылған Ясауи мөрінің қағазға түскен бедері, қабірхана есігінің тоқпақшасының, он бір Ахмет туының XIX соңы – XX ғасырда түсірілген суреттері ғана сақталған.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі үшін арнайы жасалып, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы қорында сақталған жәдігерлерді жоғарыда атап өттік. Сонымен қатар, музей-қорықтың экспозицияларына қойылған және тақырыптық көрмелерде ұсынылып жүрген түпнұсқа жәдігерлер жөнінде де біршама мәлімет берейік. Ортағасырлық

ұлы ғұлама, шайқылардың сұлтаны құл Қожа Ахмет Ясауиге тұрғызылған кесененің қабірхана бөлмесінде тұрған бабамыздың қабіртасынан бастап, барлығы 41 құлпытас тізімге алынған. Олардың көпшілігінде кімге арналғаны белгіленіп, жазылған. Аты-жөні жазылмаса да «бұл Абылай ханның басына», «бұл Қазыбек бидің басына қойылған тас» деп көрсетіліп келген құлпытастар бар. Олар негізсіз де емес.

Бүгінде кесене үшін арнайы жасалған заттардан өз орнында тұрған салмағы 2 тонналық Тайқазан мен қабірханаға кіре берісте 8 метрлік ту ағашының басындағы лауханы ғана атауға болады. Тайқазанның өзі сол уақыттағы Ленинград қаласына әкетіліп, 54 жылдан кейін ғана қайтарылғаны туралы тарихтан белгілі. Сонымен қатар, Ясауи кесенесінен әкетіліп, қайта қайтарылған жалғыз мұра да Тайқазан емес. Өзбекәлі Жәнібек «...Сөз орайына қарай айта кететін жайт – манағы музейдегі заттардың арасынан «Әзірет Сұлтан» қорығындағы Ахмет Иасауидің қабірінің бұрын жоғалып кеткен деп есептеліп келген көне жамылғысының табылғаны. XIV ғасырдың ескерткіші болып табылатын бұл жамылғы да музей қорына қайтарылды» (Жәнібеков, 1996: 124). Тарихымыздың жанашыры Өзбекәлі Жәнібековтың тек Тайқазан ғана емес, қабіржапқыш сияқты Ясауи кесенесіне тиесілі мұраның да қайтарылуына атсалысқанын көреміз (Тастанбеков, Байболов, т.б., 2026: 116).

Тайқазан мен шырағдандарды қайтару туралы алғашқы хат 1935 жылы-ақ жазылғандығын архив құжаттары дәлелдейді. ҚР Президентінің архивінде Темірбек Жүргеновтің Ясауи кесенесіне реставрация жүргізуге мамандар шақыру, қаржы бөлгізу және Эрмитажға әкетілген Тайқазанды кесенеге қайтару мәселелері бойынша бірнеше құжаттары сақталған. Аталған екінші мәселе бойынша 708 қорда Бүкілодақтық коммунистік партия Орталық Комитетінің Ғылым, ғылыми-техникалық өнертабыстар және ғылыми жаңалықтар бөлімінің меңгерушісі К.Я. Бауманға Бүкілодақтық Өнер істері комитетінің төрағасы П. Керженцевтің, Мемлекеттік Эрмитаж директоры Иосиф Орбелидің жазған хаттарының куәландырылған көшірмесі, сондай-ақ Бауманның БКП /б/ Қазақстан Өлкелік комитетінің хатшысы Мирзоянға жазған 1937 жылғы хаттары сақталған. Құжаттар арасында Темірбек Жүргеновтің жазған хаты болмағанымен «Жүргенов жолдастың Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи мешітіне 1935 жылы Мемлекеттік Эрмитажға жөнелтілген қазан мен екі шырағданды қайтару туралы өтінішіне байланысты академик Орбели мен жолдас Керженцевтен қорытынды талап еттім, оларды осы хатқа қоса тігіп отырмын», деп басталатын Бауман хатының мазмұнынан Т. Жүргенов хатына жауап жолдап отырғанын көреміз. Бауман әрі қарай хатты «Жеке өз басым бұл көненің көзі ескерткіштердің Ленинградта, Мемлекеттік Эрмитажда қалғанын дұрыс көремін. Компенсация мәселесін жолдас Жүргенов пен жолдас Керженцев жеке шешуін ұсынамын», (ҚР ПА ф. 141, оп. 1, д. 1881, л. 27) деп аяқтаған.

Хатқа 17 сәуір 1937 жылы қол қойылған. Сол жылдың 3 тамызында Темірбек Қараұлы «халық жауы» деген жалған айыппен ұсталып кетті. Бұл жерде еріксіз «кесенеге тиесілі Тайқазан, екі шырағданды қайтару мәселесін ұсталып кетуіне байланысты аяқтай алмады ма екен?» деген ой туындайды.

Кесененің барлық бөлмелерін дәліздер арқылы біріктіріп тұрған қазандық бөлмесі бірнеше жылдан бері ғылыми-зерттеу және реставрациялық жұмыстардың жүруіне байланысты уақытша жабық тұр. Музей қорындағы ең құнды жәдігерлерді көпшілікке ұсыну үшін музей-қорықтың әкімшілік кеңсесі ішінен 2024 жылдың сәуір айынан «Сирек жәдігерлер залы» ашылған болатын. Жаңа экспозицияға Ясауи кесенесіндегі қабірхана есігі, Ясауи құлпытасының қабіржапқышы, Ясауи кесенесі күмбезінің ұшар басында тұрған құбба, Ясауи кесенесі құрылыстарында қолданған XII, XIV ғасыр кірпіштері мен қаптама қыш үлгілері, Әмір Темірдің арнайы жасатқан 6 шырағданының сақталған 3 данасы, хәлім ботқасын таратуда қолданған XIV ғасыр қос ағаш астау, XIX ғасырға тән кесене ішінде сақталып жеткен панжара, жазба тақтайшалар, шамдал, кесене құрылысында қолданылған ағаш шығыр, Ясауидің күйеу баласы Әлқожа ата кесенесінің ұстыны сияқты бірегей мұралар да осы залға қойылды.

Сонымен қатар, бұл залда Ясауи кесенесі қақпа есігінің тоқпақшасы мен есік ілгектерінің үлгілері де қойылған. Есіктің жасалған уақыты мен ұстасының есімі осы тоқпақшаларда жазылған. Бұдан оның XIV ғасырда кесене үшін арнайы жасалғандығына көз жеткіземіз. Қақпа есік қазіргі таңда «Остров Крым» зертханасына реставрацияға жөнелтілген. Қырым Алтынбеков

есік тоқпақшаларын алу кезінде астынан жақсы сақталған ою-өрнектердің ашылғанын айтады. XIV ғасыр ою-өрнегінің жақсы сақталған үлгілерінің анықталуы қақпа есігін реставрациялау кезінде үлкен көмек болары анық. Кезінде есік ілгегінде кездесетін жазбаға да мән бермегенге ұқсайды. Ілгектегі шағын көлемді жазбаны кейінгі жылдары оқығандығы туралы да мәліметіміз жоқ. Есіктің бұл бөлшегі 1990 жылдары Ясауи кесенесінде жүргізілген ауқымды және бірнеше жылға созылған реставрация жұмыстары басталған уақытта музей қорына алынған. Музей қызметкері Ұлықбек Жүнісбаев оқуы бойынша ілгекте: «Ақыры түбі қайырлы болсын! Амала ұста Мұхамад Назар 1257 (1841) жыл», - деген жазу бар. XIV ғасыр есігінде жасалғанына 185 жыл болған ілгектің анықталуы қақпа есіктің де өз тарихы барын көрсетеді.

Алаш ардақтысы Жүсіпбек Аймауытов тұтқындалардан бірнеше ай бұрын жариялаған «Әзірет Сұлтан» мақаласында осы есіктің айбынын асқақтата былай деп жазған еді: «Мешіттің қарсы алды (күншығысы) – жалғыз есік. Бірақ есік деуге тым зор, дарбаза (қақпа) демесек. Әзіретті бұрын көрмеген болсаңыз, аспанға қарамай, алақтамай, ішіне тез кіріп кете алмайсыз. Биік тауды қақ жарып, бір бетін алып тастап, қалған бетін төбесіне дейін үңгіп жіберсе, қандай зор айбынды боп көрінер еді. Дарбазаның айбыны да содан бір кейін емес». Әрі қарай оқысақ «...он жақтағы кішкене есіктің бірінен кірсеңіз, пеш сынды қыш үстінде жыбырлаған арқардың мүйізі (зиратшылардың байлаған әлемі)» (Аймауытов., 1929: 72–74) - деп жазады. 1866 жылы тамыз айының соңғы аптасында Түркістанның көрікті орындарымен танысқан А.К. Гейнстің күнделігінен, «Могила Юлбарса закрыта резною деревянною решеткою. Около, на глиняном пьедестале навалена целая куча голов ovis argali с огромными рогами. Это, по словам мулл, дар, приносимый киргизами, приходящими молиться к могиле Юлбарса» (Гейнс, 2014) - деген мәлімет оқимыз. Кесене ішіндегі мешіт бөлмесіне кірер есікке қарама-қарсы қабір орны –Жолбарыс хан жерленген орын. Тарихи деректерде ол Жолбарысхан дәлізі деп аталады. 1990 жылға дейін бейіттің үстіне жолбарыстың терісі жабылып, басына арқардың мүйіздері қойылған. Қабірдің басында шырақ жағатын орны сақталған. 1993–1999 жылдары Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде Түркия Республикасының «Вакиф иншаат» құрылыс фирмасы күрделі реставрациялық жұмыстар жүргізіп, осы жұмыстардың барысында қабір басына қойылған 14 дана арқар мүйізі мен жолбарыс терісі музей-қорықтың қорына алынды (Тастанбеков, т.б., 2021: 178).

Жоғарыда аталған музей-қорықтың экспозициясында тұрған және қорында сақталған кесенеге тиесілі барлық жәдігерлер туралы ақпарат ресми сайтта, музей қызметкерлерінің мақалаларында әрдайым жазылып, насихатталып келеді. Сондықтан, әр жәдігердің сипатталуы мен ерекшеліктеріне тоқталуды мақсат етпейміз. Сондықтан, ендігі кезекте шартты түрде екінші және үшінші топтама деп атап алған, Ясауи кесенесінен тыс жаққа кеткен тарихи-мәдени мұра ескерткіштерді анықтау мәселесі бойынша жұмыстарға тоқталамыз.

Екінші топтамада Ясауи кесенесінен әкетілген, жоғалған және қазіргі уақытта елімізде және әлем музейлері, кітапханалары, архивтерінде анықталған тарихи мұралар жөнінде сөз қозғалатын болады. Бұл тізімде бізге қазіргі уақытта белгілі болып отырған құндылықтар ғана қарастырылады. Олардың қатарында Ясауи кесенесінде өткен ғасырдың 30–40 жылдарына дейін сақталған XII ғасырдың құран кітабы, XVIII ғасырдың құран кітабы, Ясауидің әкесі Ибрахимнің насабнамасы (шежіресі), кесенеге хадия (сый) ретінде берілген кітаптар, кесененің қаптама қыштары, Түркістан қаласынан әкетілген ұстындар мен балбал тастар, Әмір Темірдің кесенеге берген вакфтық құжаты, Әмір Темірдің арнайы жасатқан кесенеден әкетілген 3 шырағданды атауға болады.

XIX-XX ғасыр басында Ясауи кесенесінің қабірхана бөлмесіне кіргендер ішінде құлпытастан бөлек назар аудартатын құран және хикмет кітаптарының жататынын жазған. Тарихқа жүгінсек, кесене ішінде көне кітаптардың болғандығы туралы

А.И. Добромыслов 1912 жылы шыққан «Города Сырдарьинской области. Чимкент, Туркестан» деген еңбегінде (Добромыслов, 1912.), Міржақып Дулатов 1913 жылы «Қазақ» газетіне басылған «Хазірет Сұлтан» атты мақаласында (Дулатов, 2019.), А. Семеновтың 1922 жылы кесенені арнайы комиссия құрамында көріп шыққан соң жазған қорытындысында (Семенов А., 1926.) жазады. Ж. Аймауытов кесене ішінде «одан әрі айналсаңыз, тағы бір кішірек үйге кіресіз. Қабырғалары ойдым-ойдым (ышқапша). Бұл жай бір заманда кітапхана болып, 30 мыңдай

кітап сақталған екен. Бұл күнде бірі қалмапты» (Аймауытов, 1929) десе, О. Дастанов: «Бұрынғы кездерде оның екі этажы да түрлі діни кітаптарға иін тіресіп тұрғаны баршаға мәлім» (Дастанов, 1967: 23) деп жазады.

Алайда, кесенеде сақталған кітаптар қазіргі музей-қорық құрылғанға дейін қолды болып кеткен. Белгілі шығыстанушы ғалым Ә. Дербісәлиев өзінің «Шыңырау бұлақтар» деген еңбегінде «Мұнда ескі мұралардың ішінен XII ғасырға жататын екі Құран мен Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметі» қойылған. Бұлардың барлығы қазір Алматыдағы Қазақ ССР Ғылым Академиясының қолжазба қоры мен республикалық А.С. Пушкин атындағы кітапханада (қазіргі Ұлттық кітапхана) сақтаулы тұр», - деп жазады (Дербісәлиев Ә., 1982: 160-161).

Қазіргі Ұлттық кітапханаға XII ғасырдың құран кітабы қандай жағдайда жеткізілгені туралы нақты дерекке қарағанда болжамдар көп. Соның бірінде Қоңырқожа Қожықовтың да есімі аталады. Құран кітабының мұқабасының ішкі бетінде кітапхана түсірген «Ясауи кесенесінен әкелінген. Сабитов, 1941 жыл» деген жазба бар. XII ғасыр құран кітабының өзіндік тарихы бар. Сонымен қатар, Ясауи кесенесінде аса ұқыптылықпен ұзақ уақыт сақтап келуінің, келушілерге зор құрмет ретінде көрсетілуінің де себебі үлкен болған. Құран кітабы Қарахан дәуірінің, Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген уақыттың құнды мұрасы. XYIII ғасырдың құран кітабы да кесенеден келген кітаптар қатарында саналады. Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар қорында бұрын кесенеге тиесілі болған екі құран мен бірнеше «хикмет» кітаптардан басқа да кітаптардың бар екендігін соңғы зерттеулер дәлелдеп отыр. Ғалым А. Муминов, Г. Абикенова берген мәліметтерге қарағанда Ұлттық кітапхана қорынан Ясауи кесенесіне сый ретінде берілгендігі туралы жазба түсірілген 20-дан аса кітап анықталған.

Осы орайда Ұлттық кітапханада сақталған Насабнама да назар аудартады. Насабнама Ясауи жолының тарихы және Ясауи жолының өкілі болып табылатын, өз шежірелерін Али ибн Абу Талибтің ұлы Мұхаммед ибн Ханафийадан бастайтын қожа әулеттерінің шежіресі. «Насабнаманың» 70-тен аса қолжазбасы табылған десек (Түркістан – руханият бесігі, 2018: 316), Ұлттық кітапханада сақталған насабнамадағы басты ерекшелік екінші бетінде «Ясауи мөрінің» басылғандығы. Бұл құжатты 1947 жылы Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы сәулет ескерткіштерін зерттеген архитекторлар экспедициясы тапсырған. Бұл қолжазба шежіре хижрамен 1099 жылы, яғни жаңа санақпен 1687/88 жылдары жазылған. Ең соңында: «Назар Сали Нурни фидтарих сана аль фақир алль хақир Намрат молла Тәңірберді Ярмухаммед хажи» деген мәлімет бар. Насабнаманы оқыған М. Жармұхамедұлы, «кейінгі көшірушінің аты жөні болса керек. Осы аталған кісінің шежіре иесі емес екендігіне сондағы мына сөздер дәлел бола алады. Мұнда: «Мен Хасан хожа бабниң оғлы Ибраһим ата» деген тайға таңба басқандай құнды дерек келтірілген. Бұдан осы «Насабнаманың» иесі, жазушысы Қожа Ахмет Ясауидің туған әкесі Ибраһим ата екені нақты ашылып дәлелденеді», - (Қожа Ахмет Ясауи насабнамасы, 2013: 2) дейді.

Жоғарыда айтқандай «Насабнама» нұсқалары көп кездеседі. Соның ішінде ғалымдардың назарын аудартып, ғылыми зерттелгені түркістандық Шалаповтар отбасында сақталып келе жатқан Маулана Сафи ад-дин Орұң Қойлақи Өсиет-намасы. «Насабнама» нұсқалары 1980 жылдың соңынан бастап зерттеушілер назарына ілігіп, 1990 жылдың басынан алғашқы мақалалар жариялана бастады. «Насаб-нама» нұсқаларында қолжазбалардың қашан жазылғандығы туралы деректер бар. Маулана Сафи ад-дин Орұң Қойлақи «Өсиет-намасында» 1290/1291 ж. деп көрсетілген. «Насаб-намаларда» қожа әулеттері Қожа Ахмет Ясауиге қай жағынан туыс болып келетіні баяндалады. «Насаб-намадағы» деректерге қарағанда, Маулана Сафи ад-дин Орұң Қойлақи деп отырғанымыз Қожа Ахмет Ясауидің ағасы Садр шайхтың немересі Мұхаммед Данышмандтың ұлы. Оның туған жері орта ғасырлардағы Орұң Қойлақи деп аталғанына қарағанда сол Орұң Қойлақ қаласында дүниеге келген болуы керек. Қожа Ахмет Ясауи өзі қайтыс боларында, орнына Маулана Сафиді отырғызып еді деген дерек «Насаб-намада» жазылады. Алайда Маулана Сафи бабамыздан кейін бір-екі ұрпақ ауысқаннан соң Ясауи жолына басшылық жасаған болуы керек. Өйткені Маулана Сафи 1291 жылы «Насаб-наманы» араб тілінен түркі тіліне аударып, соңында қалдырады.

Музей-қорық қорында насабнаманың бірнеше түпнұсқа және көшірме түрлері сақталғанымен жоғарыда аталған насабнама түрлері де Ясауи әулетімен тығыз байланысты мұра ретінде аса маңызды.

Ендігі кезекте Өзбекстан, Ресей Федерациясы, Франция, Ұлыбритания, Германия елдерінде анықталған Ясауи кесенесіне тиесілі тарихи мұраларға назар аударайық.

Атақты «Зафарнаманың» (Жеңіснама) авторы Шараф ад-Дин Йазди Ақсақ Темірдің құрамында Қожа Ахмет Ясауидің де ғимараты бар арнайы қорға (вакуф) арнап қолхат қалдырғанын айтады. Онда ол қорды «ешқандай жағдайда сатуға, жекеменшік секілді ұрпақтан ұрпаққа қалдыруға, қандай болмасын сылтаумен баз біреуге сый ретінде уақытша немесе түбегейлі беруге болмайтынын қатты ескерткен. Вакф белгілі бір мақсаттарға арналған иеліктен шығарылмайтын мүлік. Сыйға тартылған адамның меншігіне айналмайды (маукуф ‘алайхи), өйткені бұл мұрагерлік бойынша сату немесе беру актісі емес, яғни, меншік құқығы әрекетінің тоқтауы (вакафа). Әулиенің кесенесі салынып жатқан кезде Әмір Темірдің жарлығы бойынша Ясы шаһарының төңірегінен Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне пайда түсіріп тұратын жерлер мен арықтар атап көрсетілген «Вакфнаме» жасалды. Мұнда әкімшілік ететіндер де, оларды ұстауға кететін шығындар да, жөндеу жұмысын жүргізу жайлы да аталып көрсетіліп, тұңғыш мутевали болып Қожа Ахмет Ясауидің ағасының ұрпағы Мір Әли Қожа тағайындалды.

Императорлық археологиялық комиссия төрағасы граф А.А. Бобринскийдің 11 желтоқсан 1906 жылы генерал-губернаторға хатында, кесененің жөндеу жұмыстары үшін сұратылған 40–50 мың рубльдің өзінің бюджетінде жоқ екендігін айтып, мәселені кесене ішіндегі шырағданды алу арқылы (2000-1000) шешпек болады (Өз. РОМА. И-1 қ. 12 т. 828 і. 27–28 б.). Яғни, вакфпен берілген затты сатуға болмайды, сондықтан жөндеу жұмыстарына жұмсауды ұсынуы орыс әкімшілігінің де вакф тәртібімен санасып, өз пайдасына асырмақ болғанының айқын көрінісі.

А. Семеновтың еңбегінде Әмір Темірдің кесенеге берген Вакфтық құжатының сақталған орны көрсетіліп «Ныне она хранится в Средне-Азиатской Государственной Библиотеке», - деп жазады (Семенов А., 1926). Ол мекеме Ташкент қаласында алғаш ашылған кітапхана, қазіргі Навои атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасы деп аталады. Белгілі шығыстанушы Әбубәкір Диваев вакфты парсы тілінен орыс тіліне аударып, әуелі 1898 жылы Түркістан өлкелік археологтар үйірмесінің жалпы мәжілісінде жұртшылыққа таныстырған. Кейіннен «Туркестанские ведомости» (ТВ., 1901: №39.) газетінде жариялағаны белгілі. Ә. Дербісәлі: «…Өзбекәлі Жәнібеков маған Ақсақ Темірдің Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне берген парсы тілінде жазылған грамотасын (қолхатын) көрсетіп, тәржімалауды өтініп еді» деп еске алды. Жәнібековтың бастамасымен жасалған аударма қазақ тілінде «Қазақстанның тұңғыш этнографтары жинағында жарияланды» (Жанибек, 2002: 131–135). Кейінгі жылдары музей-қорық баспасынан жарық көрді. Вакфтың кесене ішінде сақталып келгені туралы дерек айтылмаса да, оның кесенені басқару мен сақтауға бағытталған құжат екендігінің өзі кесенеге тиесілі мұра ретінде қарауға мүмкіндік береді.

Ғалым Марат Тұяқбаев өз мақаласында «Бүгіндері Өзбекстанда сақталып отырған Әзірет Сұлтан кесенесіне тиісті жәдігерлерден үш ағаш ұстынды» атайды. Ұстындар кесене жанында бұзылған мешіттерден әкеліп қойылған болуы әбден мүмкін. Дегенмен олардың сақталған орны мен мақалада жарияланған суреттерден басқа тарихы туралы мәлімет аз. Бұл ұстындар туралы М.Е. Массонның «О постройке мавзолея Ходжа Ахмеда в городе Туркестане» атты 1929 жылы жарық көрген еңбегінде баяндалды (Массон, 1929.). Ағаш ұстындар Массонның жұбайы, ғалым Г.А. Пугаченкованы да өз ерекшеліктерімен қызықтырып, арнайы мақала жазған (Пугаченкова, 1948: 40–53). «Средазкомстарис» мекемесінің Көне ескерткіштер мен өнер туындыларын қорғау секциясының меңгерушісі И.И. Умняков: «Туркестан қаласынан әкелінген XII–XIV ғасырға жататын ұстындар мен мұртты ер адам бейнесіндегі екі балбал тастың Ташкенттегі Орта-Азиялық бас музейден орын алғанын» (Умняков, 1929: 34) жазады.

Қазіргі уақытта Өзбекстан музейлерінің бірінде сақтаулы тұрған піл мүсіні туралы да мәлімет бере кетейік. Ясауи кесенесінде көп жылдар реставрациялық жұмыстарды басқарған және кесененің архитектуралық құрылысы жөнінде диссертация қорғаған Л.Ю. Маньковская болды. Оның диссертациялық жұмысының соңында әдебиеттер тізімі Ясауи кесенесінің тарихына қатысты жарық көрген материалдар хронологиялық тәртіппен берілген. Біздің назар салғанымыз, библиографиялық көрсеткіш ретінде қарастыруға әбден лайық бұл тізімде Императорлық археологиялық комиссия 1905 жылғы альбомында жарияланған «Түркістаннан

табылған пілдің қола мүсіні (статуэтка)» деген жазба болды (Маньковская, 1963: 172). Санкт-Петербург кітапханасы қорынан бұл кітапты таба алғанымызбен «г. Туркестан. Местность «Ясави» деген жазбасы бар піл суреті ғана берілген (Альбом рисунков, 1906: 336). Толықтырмасы ретінде қосымша жарық көрген «Указатель» кітабының да пайдасы болмады.

Қола піл мүсінінің табылу тарихы туралы қосымша мәліметті «Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің тарихынан» тақырыбында жазылған мақаладан алдық (Байтанаев, 2023: 294). Оқиғаның толық нұсқасы Ә. Диваевтың 1893 жылы «Туркестанские ведомости» газетінің редакциясына жолдаған ашық хатында баяндалады. Онда 1890 жылы Түркістан қаласының тұрғыны Мұса-али Мұхаммед-Аминұлы Әзірет-Сұлтан ескерткіші маңында жүргізілген жер қазу жұмыстары барысында қола пілдің мүсіндік бейнесін тапқаны, аталған жәдігердің Диваевқа жеткізілгені және кейін оның Ташкент қоғамдық музейіне тапсырылғаны туралы мәлімет берілген. Осы затқа жан-жақты сипаттама бере отырып, Диваев: «Меніңше, бұл олжа археологтардың назарын толықтай аударуға лайық» (ТВ., 1893. № 63) деп жазады. Біздің де, қола піл мүсіні жөнінде қандай да бір ақпарат ізденуміздің басты себебі осы шағын мұраға сипаттама жасау, кезеңін анықтау т.б. ғылыми тұрғыдан назар аударса екен, деген ұсыныс айтқымыз келеді.

Әмір Темірдің кесенеге сыйға тартқан Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ең құнды жәдігерлері ретінде тайқазан мен алты шырағдан аталады. Өкінішке орай, тарихи себептермен бүгіндері 3 шырағдан Францияның Лувр және Ресей Эрмитажына тиесілі. 1397 жылы жасалған үш үлкен шырағданның бірінің үстіңгі бөлігі 1906 жылы 11 ақпанда белгісіз жағдайда ұрланып, 1909 жылы Франциядан табылды. Императорлық Археологиялық комиссия кесенеде қалған шырағданның төменгі бөлігін суреті мен өлшемдерін алу мақсатында Санкт-Петербургке алдыртып, Эрмитажда қалып қояды. Бұл оқиғалар туралы мерзімдік басылым беттерінде бірнеше хроникалар жарық көрген. Орта Азияда орыс тілінде жарық көрген алғашқы газет Ташкент қаласында басылған «Туркестанские ведомости» газетінде Ясауи кесенесінен шырағданның үстіңгі бөлігінің ұрлануы, шырағдан мен XII ғасырдың құран кітабына көз тігушілердің көп екендігі туралы, кесенеден ұрланған майоликті плитаны қайтара алғандығы, Археологиялық комиссияның ұрланған шырағданның астыңғы бөлігін сұратқаны жөнінде т.б. жазылған материалдарды кездестіреміз (ТВ., 1906. № 26, 94, 99; 1910. № 162; 1913. № 253.) .

Бұл оқиға бойынша қылмыстық іс қозғалғаны туралы материалдар Ташкент мұрағатында сақталған. Николай II-нің ұрланған заттарды табу және ұрланған жәдігерлерді кесенеге қайтару туралы полиция басқармасына тапсырма бергендігі айтылады. Сондай-ақ, сол жылдардағы «Туркестанские ведомости» газеті материалдарында күдікті ретінде көне заттарды сатумен айналысатын орыс көпесінің аты аталады. Ол өз адамын жіберу арқылы кесене шырақшыларынан ақшаға сатып ала алмаған соң, шырағдандарды күміс самаурынға ауыстыру туралы ұсыныс жасағандығы жазылған.

Шырағданның тек үстіңгі бөлігінің ұрлануын төменгі бөлігі еденге бекітіліп қойылған екен деген сияқты бірнеше себептері айтылады. Ұрылар екінші қабаттағы терезеден түскендіктен үлкен шырағданды терезеден шығару мүмкін болмаған. Алғашқы тергеу кезінде шырағдан бөлігін арқанмен тартып алғандығын, қабырғалардың сыдырылған іздерінен анықтаған. Сондай-ақ, басқа жәдігерлердің қолды болмауы күзетшілердің қолына түсіп қалудан сескенген болуы керек деп болжанады. Кейінгі жылдары бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы және «қазан төңкерісіне» жалғасуы бұл мәселені аяқсыз қалдырған. Белгілі болғандай, Франциядағы шырағдан бөлігі Жорж Марта есімді коллекционердің қолында болып, ол қайтыс болған соң өз өсиеті бойынша 1916 жылы Луврға өткізілген. Шырағдан бір-біріне киілетін үш бөліктен тұрады, сондықтан үстіңгі екі бөлігіне №7079, №7080 нөмірлері берілген. Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің 1916 жылғы 1 хаттамасы, 1917 жылғы 4 хаттамасында Ахмет Ясауи мешітінен ұрланған шырағдан және мешітте қалған өзге көне шырағдандарды сақтау мәселелеріне ұсыныс талқыланған. 4 хаттамада ұрлардың терезеден кіруіне байланысты кесене терезелерін оюланған темір торлармен жабу туралы ұсыныс айтылған.

Шетелдік саяхатшылар ішінде француздар ері мен әйелі Ужфальвилер шырағдандар және олардың жергілікті халық үшін қандай қасиетті болғаны туралы басқа деректерде айтылмайтын қызықты мәлімет қалдырған. Орыс тілінен

аудармасыз үзінді беріп отырмыз. Мезё-Ковёзд: «В середине этого зала возвышается огромный металлический котёл, который в прежние времена по благочестивому замыслу служил для приготовления пищи паломникам. Перед этим кулинарным аппаратом со стороны входной двери установлены два больших бронзовых подсвечника. Резьба по металлу выполнена с поразительным мастерством, на поверхности еще заметны следы эмали, которая усиливала блеск этих предметов. Именно перед ними в наши дни киргизы, не имеющие детей, приносят в жертву баранов, чтобы вымолить потомство для продолжения своего рода» (Ужфальви де Мезё-Ковёзд, 2006), - деп жазса осы мазмұнда көргендерін Мари былай баяндайды: «Именно перед этими подсвечниками нынешние киргизы, у которых нет детей, приносят в жертву баранов в надежде продлить свой род» (Ужфальви-Бурдон, Мари де., 2006). 1876–1878 жылдары жасаған саяхаты барысында қалдырған жазбалары, суреттер этнографиялық тұрғыдан маңызды саналады.

Шетел асқан шырағданның келесі даналары 1935 жылдың 11–16 қыркүйек аралығында Ленинградта (Санкт-Петербург) «Иран өнері мен археологиясы» тақырыбымен өткен үшінші халықаралық Конгресс жұмысымен байланысты сұратылды. Ясауи кесенесінен тайқазанмен бірге бір үлкен, бір кіші шырағдан Эрмитажда ұйымдастырылған көрмеге арнайы алдырылды.

Эрмитаж директоры И.А. Орбелидің Қазақ АССР-і үкіметіне жіберген жеделхатында бұл жәдігерлер «.. уақытша, көрмеге қою үшін» алынады деп жазғандығы 1989 жылы тайқазанның қайтарылуына тікелей көмек болғаны белгілі. Ал екі шырағдан Эрмитажда қалып қойған. Сол уақыттағы музей-қорық директоры Н. Назаровқа, «Алғашқы хаттарда тайқазан мен екі шырағдан қатар сұралған екен, неге шырағдандар қайтарылмаған?» деген сұрағымызға «Егер біз шырағдандарға да басымдық берсек, соларды қайтарып, тайқазанды алып қалуы мүмкін еді» деген жауабы да негізсіз емес сияқты. Ортағасырлық қолөнер туындысы, құнды жәдігер 1397 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі үшін арнайы тапсырыспен жасалған Эрмитаж қорындағы шырағдандардың суреттері «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі» альбом кітабының алтыншы басылымында алғаш рет жарияланды (Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, 2026., 182–189).

Әлем музейлерінің ішінде адамзатқа ортақ құнды жәдігерлерді жинақтай алған Лувр мен Эрмитаждың орны ерекше екені белгілі. Дегенмен, ортағасырлық қолөнер туындысы, құнды жәдігер, алғашқы тапсырыспен жасалуынан Қожа Ахмет кесенесіне тиесілі, халқымыз үшін қасиеттілігі мен қастерлігі қатар саналатын еліміздің мұраларын елге қайтару мәселесі әр жылдары көтеріліп, сұрау салу жалғасып келеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Қожа Ахмет Ясауи мұрасын ілгерлету және кеңінен таныту жөніндегі 2026–2028 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары» бойынша XII ғасыр құран кітабының, Әмір Темірдің жасатқан шырағдандарының Санкт-Петербург және Париждегі нұсқаларының көшірмелерін жасату жоспарланған.

Аталған елдерден бөлек, Ұлыбритания астанасы Лондонның Оңтүстік Кенсингтон ауданында орналасқан «Виктория мен Альберт» музейінде (Victoria and Albert Museum) Ясауи кесенесінің қаптама қыштарының экспозицияда тұрғандығы, Германия мемлекетінің Штутгарт қаласындағы музейде Ясауи кесенесі есіктерінің үлгілері бар екендігі, Германияның Гамбург қаласындағы П.И. Лерхтің (XIX ғ. орыс шығыстанушысы, археолог) архивінде кесененің алғашқы суреттері сақталғаны, Швецияның Упсала қаласындағы университет кітапханасында (Uppsala University Library) Қожа Ахмет Ясауидің «Мират-ул Қулуб» рисаласы, шәкірті Мұхаммед Данышмендидің XIV ғасырда жинақтаған қолжазбасы сақталғаны туралы белгілі болып отыр. Бұлар туралы мәліметтер мен оларды хабарлаушылар нақты болғанымен қосымша тексерулерді қажет етеді. Тарихшылар арасында жазылмаған қағидамен айтқанда «бір деректің өзін растаушы дерек» қажет.

Үшінші топқа Ясауи мөрінің нұсқалары, Ясауидің ағаштан жасалған үлкен қара тәсбихі, он бір Ахметтің тулары, кіре беріс порталда ілінген темір шар, құлпытастар, кесене кітаптары мен құжаттары, кесене есігінің ысырмасы (засов), қабірхана есігінің балғалары, т.б. кесене үшін арнайы жасалып, мақсатты қолданыста пайдаланылып келген, жоғалу жағдайы мен қазіргі орны белгісіз кейбірінің сызба-суреттері ғана сақталған бұйымдар жатады.

Әрине бірінші кезекте қарастыратынымыз Ясауи есімімен байланысты бұйымдар. Оның ең алғашқысы «Ясауидің мөрі». Ясауи мөрі атымен бірнеше мөрдің болғаны белгілі. «Темірдің

тарихында «Әмір кіші Азияға жорыққа шығарында Қожа Ахмет Ясауидің шайхынан тұмар алыпты деген сөз бар. Солай болуы да әбден ықтимал» (Дастанов О., 1967: 19). Бұл әрине бізге дейін жеткен аңыз-әңгімелерге сүйенген пікір болғанымен, ақиқаттан да алшақ емес деп ойлаймыз. Өйткені, Темірдің кесене құрылысын бастаған уақыты, кейінгі Анадолыға жасаған жорық мерзімі хронологиялық жағынан сәйкес келіп тұр. Әмір Темір тағайындаған ең алғашқы мүтәуәлидің қолында «Ясауи мөрі» болғандығы туралы мәліметті де О. Дастанов еңбегінен көреміз: «...әуелгі мүтәуәли Мірәлі қожаның қорғасыннан құйылған мөрі болыпты. Ол мөрде Қожа Ахмет Ясауиден басқа кісінің аты жазылмаса керек. Сонда да болса әркімге басып берумен әріптің ізі де қалмаған соң, жаңа мөр жасаттырған. Бұған енді он бір Ахметтің мөрі деп ат берген» (Дастанов О., 1967: 19). Сыртқы шеңбері мен жасалу мерзімі жазылмаған көне мөрдің болғандығы туралы Массонның еңбегінде айтылады (Массон, 1930: 20).

Ясауи кесенесінен жоғалған жәдігерлер туралы алғашқы жазба Ясауи мөрімен байланысты еді. Бұл туралы М. Тұяқбаев былай деп жазады: «...жәдігерлеріміздің сыртқа тасылуы XIX ғасыр аяғынан бастап белең алды. Алғашқы дерек В.В. Луниннің «Из истории русского востоковедения и археологии в Туркестане» деген еңбегінде келтірілген. Онда Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінің мүшесі Ә.Ә. Диваевтың 1895 ж. Қазан қаласына Әзірет Сұлтан кесенесінің көне мөрін алып барып оны Қазан діни академиясының практиканты Павел Николаевич (Шабхаз-Гирей) Ахмеровтың зерттегені жайлы айтылған. Бірақ, П.Н. Ахмеровтың өзі 1896 жылы Қазан университетінің археология, тарих және этнография қоғамының Хабаршысында жариялаған мақаласында Ә.Ә. Диваев кесене мөрінің қағазға басылған таңбасын (бедерін) ғана алып келгенін жазады (Тұяқбаев М., 2019: 200).

Сонымен, П.Н. Ахмеров мөр бедерінің кейбір жері анық түспей қалуына қарамастан «1797 жылы жасалған, ұста есімін «Хаджи хан», деп оқыған. Сондай-ақ, «хан» дегенді «ханкаги» (келейник) - ғар бөлмесінде тұрушы деп те аударуға болатынын айтқан. М.Е. Массон «Тұмар ретінде басылып беретін мөрді Ходжи-хан есімді адамның хижра жыл санауымен 1212 жылы, яғни 1797 жылы жасағандығын, мөр ортасында Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи есімінің, ал айналдыра Ахмет есімді он ислам шейхының аты дөңгелене ойылғандығын» жазған. Көріп отырғанымыздай екі автордың және О. Дастановтың еңбегіндегі «... Зерттей келгенде бұл мөрді 1797 жылы Ханқожа дегеннің жасағаны анықталған», деп жазуынан да бір мөрді тілге тиек етіп отырғанын байқаймыз. Ясауи мөрін алғаш ғылыми тұрғыда зерттеуші ретінде П. Ахмеровты атауға болады. Оның 1896 жылы Қазан баспасынан шыққан «Описание печати Ахмеда Ясави» (Ахмеров, 1896) мақаласы кейінгі көптеген зерттеулерге негіз болды. Сонымен қатар, О. Дастановтың «Әулиелі жерлер туралы шындық» (Дастанов, 1967) атты еңбегінде Ясауи мөрі мәселесіне біршама назар аударғандығын атап көрсетуге болады. Ол мөр туралы тарихи тұжырымдарын П. Ахмеров мақаласына сүйене отырып жасайды. Дегенмен, кейінгі жылдары «он бір Ахметтің мөрінің» қағазға түскен бедерлерінің әртүрлілігі, «он бір Ахметтің мөрінің» де бірнеше нұсқасы пайда болғандығын көрсетеді.

Біздің зерттеулеріміз көрсеткендей қазіргі уақытта Ясауи мөрінің оннан аса нұсқасы белгілі болып отыр. П. Ахмеров зерттеген мөр (1797), Ұлттық кітапханада сақталған насабнамаға басылған мөр бедері (1687/88), Нарымбет ұрпақтары қолындағы ағаш мөр, Қарнақтағы Әбділ Әзиз ұстаның ұрпағындағы металл мөр (1911/1912) , Орталық архивтегі Ахмет Ясауи мөрінің бедері (1848) (ҚР ОМА; 374 қор, 1 тізбе, 5153 іс. 5б.), Сайрамдағы Отахан Азлар Азизханұлының қолындағы ағаш мөр, Намангандағы Ибраһимжан Шарифқожаевтың қолындағы металл мөр, Шоқан Уәлихановтың қағаздарынан табылған мөр бедері, Түркістандық Саид әулеті Рабия Усманқызы отбасында сақталған металл мөр т.б. Олардың ішінде металл және ағаштан жасалған, шеңбер мен гүл пішінді нұсқалары кездеседі. Ясауи мөрлерінің қазіргі уақытта белгілі болып отырған қай нұсқасын алып қарасақ та ондағы жазылған шәйхтардың есімдері дәлме-дәл қайталанбайды. Сондай-ақ, мөрдегі есімдерді Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) есімдерінің бірі Шәйх Ахмед Мурсалдан бастап оқу және жазу қалыптасқан (Тастанбеков, т.б., 2024: 197). Барлығында 11 Ахмет есімін сақтауға тырысқанымен, мөрлерде жалпы саны 26 Ахметтің аты жазылған. Мөр нұсқалары мен қағазға түскен бедерлерінің әр өңір мен елдерден анықталуына қарамастан, Ясауи мөрін тұмар ретінде басу кесене құрылысы аяқталуымен байланысты екенін көрсетеді. Ал,

Ахмет есімдерінің ауысуы мөрдің әр кезеңдерде жаңаланып отырғанын білдіреді.

Қалай дегенмен де, жоғарыда аталған «Ясауи мөрінің» көп түрлілігіне қарамастан, «11 Ахмет мөрінің» әр түрлі құжаттарда кездесетін бедерлері болса да, мөрдің алғашқы нұсқасы жоғалған жәдігер қатарында саналады.

Он бір Ахметтің мөрінен бөлек, он бір Ахметтің туы атанып кеткен жәдігер де бар. Бұл жерде, он бір Ахмет есімдерінің Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.а.с) Ахмет (ең мақтаулы немесе ең үлкен мақтауға лайық) есімінен бастап, ислам дініндегі белгілі тұлғалардың, оның ішінде Ахмет Ясауидің есімімен байланысты туындаған атау екенін айта кеткіміз келеді. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі Тайқазанды айналдыра сүйеп, тұтқаларына бекітіп қойған он тудың суреттерін 1871–1872 жылдардағы орыс саяхатшысы А.Л. Кунның альбомынан көруге болады. М.Е. Массон 1928 жылы Түркістанға арнайы келген сапарында: «Тайқазанның он құлағына жылқы қылымен ұшталған, кейбірі жарты ай секілді иіліп біткен, темірмен қапталған ұзын он лауха бекітілген» - деп жазады. Он бірінші ту ретінде Ясауидің қабірхана бөлмесіне кіре берісте ілінген төрт шадиярдың есімі жазылған лауха аталады. Бүгінде осы сегіз метрлік тудан басқа он тудың нақты қай уақытта және қайда әкетілгені не жоғалу себебі белгісіз, деп айтуға болады.

2020 жылы «Әзірет Сұлтан» музей-қорығы Тайқазанның айналасындағы он лауханың қайта жасалған нұсқаларын кесенеге келуші көпшілік назарына ұсынды.

О. Дастановтың еңбегіндегі «Он бір Ахметтің туларына тәуеп етеді ... Онан соң әр тасы тауықтың жұмыртқасындай, ағаштан жасалған үлкен қара тәсбихты әкеліп көздеріне сүртқізіп, мойындарына салады. Мұны Қожа Ахмет Ясауидің тірі кезіндегі ұстаған өз тәсбиғы еді деген. ... Бұл да мұтауаллилердің әдейі біреуге жасатқаны. Бірақ, қай мезгілде, кімнің жасағаны белгісіз. Қожа Ахмет Ясауидің осындай тәсбиғы болыпты деген дерек діни шежіренің де ешқайсысында кездеспейді. Бұл тәсбих 1956 жылға дейін мавзолейде сақталып келеді де, жоқ болады. Сұрастырып қарағанда, Қожа Ахмет Яссауидің ғимаратын күзетіп, сонан пайда тауып жүрген «мұрагерлері» сол кездегі мавзолейді басқарушы жолдастардың жауапсыз, ашық ауыздығын пайдаланып құртып жіберген. Архивте, керексіз заттар қабылдайтын жерге өткізілді деген бір жапырақ квитанция ғана сақтаулы тұр. Бірақ «ел құлағы елу» деген емес пе, оны алыстан келген зиратшыларға алдап сатқанын әркім-ақ айтып жүр. Дін десе діңкесі құрыған талай байғұстар қолдан жасалған ағаш тәсбихтың әр тасына бір қойдың құнын берсе керек», (Дастанов, 1967: 22) – деп жазады. 1967 жылы атеисттік сипатта жазылды десек те, бұл еңбектен көптеген мәлімет аламыз. Ясауидің тәсбихы туралы әңгіменің аңыз еместігіне де көз жеткіземіз. Массонның еңбегінде келушілерге ұсынылатын заттар арасында ірі тәсбих болғаны аталады.

Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде сақталған орыс және өзбек тілдеріндегі құжаттар бар. Түркістан облыстық мемлекеттік архивке алдырылған көшірмесінде 1889 жылы діни қызметкерлер өкілдерінің кесене салуға және оның кірістерінің бір бөлігін иеленуге құқықтарын тану туралы өтініші, Сырдария облыстық басқармасы мен Ташкент халық судьяларының осы мәселе бойынша шешімінің көшірмелері тігілген. Осы құжатта да Ясауи кесенесіне өз құқықтарының бар екендігінің дәлелі ретінде Ясауи мөрі мен Ясауи тәсбихін ұсынғандары айтылады (ТОМА; 1129 қор, 3 тізбе, 90 іс, 64 б.).

Музей-қорықтың сұранысы бойынша түркістандық ағаш шебері, қолөнерші Гаухарбек Күнқожаев суреттеп жазған жазбасы негізінде «Ясауи тәсбихінің» көшірмесін жасап шықты.

Сирек жәдігерлер залында экспозицияда тұрған қабірхана есігінің жоғарғы тұсында екі дөңгелек қола тақташалар (диаметрі – 15 см) және гүлге ұқсас сегіз жапырақты кішкене төстігі тұсында алқаларының (тоқпақшалары) орны бос тұрғанын аңғаруға болады. Қапсырма есіктің тоқпақшалары болғаны туралы М. Дулатовтың, М. Массонның еңбегінде аталады. Ол кесененің тарихи екі есігінің де ұстасы Изз-ед-Дин екенін және көлемі жағынан қақпа есігінің тоқпақшасынан кішілеу ішкі есік тоқпақшаларында жасалу мерзімі хижра жыл санауымен 797, яғни 1394/95 екендігі көрсетілгенін жазады (Массон Е.М., 1929: 42). Қақпа есіктегі тоқпақшалар және қабірхана есігіндегі тоқпақша орындарына қарап, адамның қолы еркін жететін тұстан жоғары тұрғандығын аңғаруға болады. Мұнда да адамның Алланың құлы, жай пенде екендігіне меңзеген философия жатқанға ұқсайды.

Қабірхана есігінде болған, өзінің көркемдігіне

қарай алқа аталған тоқпақшаларды архитектор А. Гуржиенконың 1905 жылы салған суреті Санкт-Петербургтегі Эрмитажда сақталған. (Қожа Ахмет Ясауи, 2013: 149). Оның өлшемдеріне дейін сәйкестендіріп үлкен дәлдікпен салған тоқпақша суреттерін № КС-Ү-375 нөмірімен Эрмитаждың шығыс бөлімінен табуға болады (Иванов, 1995: 106). Сипаттамадан берілген балғалардың тұрпаты негізгі есіктегі алқаларға ұқсап келген, ортасы өрнектелген, жиектеріне Құран сүрелері жазылған зат екенін, бірақ көлемі кішірек болғанын байқаймыз. Соңғы деректер бойынша аталмыш балғалар 1959 жылы жоғалған. Бұл балғалардың топсаларымен (шарнир) қоса жұлып алынғандығын байқау қиын емес (Тұяқбаев, 2019: 200). Дегенмен, Эрмитажда 60 жыл қызмет жасаған Иванов Анатолий Алексеевичтің 1995 жылы жариялаған «Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі қабірхана есігінің тоқпақшалары» (О молотках на дверях усыпальницы мавзолея Ходжа Ахмеда Ясеви) атты мақаласы біз атап отырған мәселеде бірден-бір жазылған мақала болып есептеледі. Мақала авторы Эрмитаждың Шығыс бөлімінде қызмет еткен В.И.Кесаевтың соғыс қарсаңында Орта Азияға сапары барысында түсірілген тоқпақша суреттерінің төрт негативін бөлімнің фототекасынан кездейсоқ тауып алғандығын жазады. Негативтен шығарылған суреттерде тоқпақша жазуларының анық көрінетіндігін атай келе, төрт суреттен есік тоқпақшаларының екі жақ бетінде де жазбалардың бар екендігін жазады (Иванов, 1995: 106). Әдетте көрінетін оң беті ғана безендірілетінін еске алсақ, бұл шынында да ерекше жағдай. Кесененің үлкен қақпа есігіндегі тоқпақшаның бір беті ғана безендірілген.

Жоғалған қабірхана есігінің тоқпақшаларының да өзіндік құпия, ерекшеліктері болғаны анық. Иванов ғажап жәдігерлер-тоқпақшалардың ұрланғанына 36 жыл болғанда жазылған мақаласында «...оларды жойып жібермегеніне, күндердің бір күнінде қайта табылатындығына сенейік», деп жазған екен. Біз уақыт биігінен қарап, 67 жыл бұрын жоғалған жәдігердің табылатындығын сеніммен айта аламыз ба?

Ал, әзірге Қожа Ахмет Ясауи қабірханасы есігінің жоғалған тоқпақшаларының үш суреті табылды (Тастанбеков, т.б., 2021: 169). Алғашқылары 1949 жылы «Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің инженерлік-архитектуралық жағдайын тексеру туралы комиссиясының» есебі үшін түсірілген суреттердің (Қожа Ахмет Ясауи, 1949) ішінен табылған екі сурет. Үшінші сурет Т.Қ. Бәсеновтың «Архитектурные памятники в районе САМ» атты еңбегі Алматы қаласы, Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасынан жарық көрген 1947 жылғы еңбектен (Басенов, 1947: қосымша 22) анықталды. Жоғалған тоқпақшалардың мейлінше анық сурет нұсқалары алғаш рет 2026 жылы жарық көрген «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі» (Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, 2026: 157–158, 159–160) альбом кітабында жарияланды.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне тиесілі қазіргі орны белгісіз мұраларды ұзақ тізімдеуге болады. Олардың нақты саны туралы да сөз қозғау әлі ерте. Шағын мақаламызда толық қамти алмаған, жоғалу жағдайы белгісіз кесененің бас порталында 40 метр биіктікте ілінген, кесене құрылысына арналған алтын салынған мыс шарлар (М.Дулатов қола доп деп жазады), қақпа есіктің екі арыстан, бес құс бейнеленген ысырмасы (засов), Аймауытов жазғандай кітапхана ішіндегі 30 мың кітап, Н.И. Веселовский атап өткен қабірханаға кірер ойықтағы ағаш сапқа ілінген жасыл түсті жалау мен қабырғадағы көптеген қағазға түскен каллиграфиялық жазулар, сол қабырғада ілулі болған Мекке картасы, М. Тұяқбаевтың ақпараты бойынша О. Дастановтан естіген кесенеде жерленгендер тізімі жазылған жеті дәптер, М. Тұяқбаевтың есептеуі бойынша 1941–1975 жылдар аралығында жоғалған 21 құлпытас, А. Муминов және т.б. ғалымдар зерттеген «Ясауидің тарихи құжаттары», Қылует жер асты мешітінің үндістандық әулиелер сыйлаған оюлы ағаш есік (Ясауидің сүйегі осы есік үстінде жуылған екен) т.б. нақты атауға болады.

Талдай келе, деректерді салыстыру кесене мұраларының жоғалу үдерісі бір ғана тарихи кезеңмен шектелмейтінін көрсетеді. Оның алғашқы белгілері ортағасырлық саяси қақтығыстар кезеңінен байқалса, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында археологиялық ізденістер жеке коллекциялау және әкімшілік жүйесі жағдайында бұл үдеріс күшейген. 1906 жылы кесенеден шырағдан бөлігінің ұрлануы, кейін оның шетелден табылуы, сондай-ақ 1935 жылы Тайқазан мен екі шырағданның көрмеге қою мақсатында Ленинградқа әкетіліп, кейін Эрмитажда қалып қоюы осы үдерістің нақты мысалдары болып табылады.

Сонымен бірге, архивтік құжаттар

жәдігерлердің қазіргі орналасуын ғана емес, олардың әкетілу тарихын ашуға да мүмкіндік береді. Мысалы 1935–1937 жылдардағы ҚР Президенті архивінің құжаттары жәдігерлерді Эрмитажда қалдыру мәселесі көтерілгенін көрсетеді. Демек, жәдігерлердің тарихи қозғалысын зерттегенде олардың құқықтық мәртебесі мен сол кезеңдегі мемлекеттік-әкімшілік шешімдерді де есепке алу қажет. Сол сияқты, жоғалған мұраларға қатысты фотосуреттер, сызбалар және бұрынғы ғылыми сипаттамалар ерекше деректік мәнге ие. Мысалы, қабірхана есігінің жоғалған тоқпақшаларының бейнесі сақталған фотоматериалдар олардың пішінін, жазуларын және көркемдік ерекшеліктерін қайта анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан қазіргі орны белгісіз жәдігерлерді де ғылыми зерттеу нысаны ретінде қарастыруға болады: олардың заттай түпнұсқасы жоғалғанымен, деректік іздері сақталған.

Осылайша, талдау көрсеткендей, мәселе тек жоғалған жәдігерлердің санын анықтаумен шектелмейді. Негізгі ғылыми мәселе – әр жәдігердің қайда болғанын, қашан жоғалғанын немесе әкетілгенін, қандай тарихи жағдайда қозғалғанын және қазіргі уақытта қандай дерек арқылы сәйкестендірілетінін анықтау.

Алынған нәтижелер

Зерттеу нәтижесінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қатысты тарихи-мәдени мұраларды олардың қазіргі жағдайына қарай үш ғылыми топқа жіктеудің тиімділігі анықталды. Дей тұрғанмен, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жоғалған және әкетілген жәдігерлерін жеке-жеке сипаттау жеткіліксіз, оларды тарихи қозғалысы мен қазіргі деректік жағдайына қарай біртұтас жүйеде қарастыру қажеттілігі анықталып отыр. Осы жүйелеу арқылы әр жәдігердің «тарихи паспорты» жасалуы мүмкін: атауы, жасалған мерзімі, кесенедегі бастапқы орны, жоғалу немесе әкетілу уақыты, тарихи жағдайы, кейінгі анықталған орны, қазіргі сақталу жағдайы және оны растайтын дереккөздері көрсетіледі.

Келесі маңызды нәтиже – жәдігерлердің түпнұсқасы жоғалған жағдайда да оның ғылыми айналымнан шығарылмауы тиіс екені дәлелденді. Фотосуреттер, сызбалар, архивтік құжаттар, саяхатшылар жазбалары мен бұрынғы ғылыми сипаттамалар жоғалған мұраларды сәйкестендіруге және олардың ғылыми реконструкциясын жасауға мүмкіндік береді. Үшінші нәтиже – Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің мұрасын зерттеу тек музейтанулық немесе сәулеттанулық мәселе емес. Деректану, тарих, археология, музейтану және мәдени мұраны қорғау салаларын тоғыстыратын кешенді ғылыми бағыт екені айқындалды.

Сондықтан зерттеудің негізгі нәтижелері мен басымдық бағыттары ретінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен жоғалған және әкетілген жәдігерлерді анықтау – оларды тек елге қайтару мәселесі емес, олардың тарихи тағдырын ғылыми тұрғыдан қалпына келтіру, деректік іздерін жүйелеу және ұлттық мәдени мұраны тұтастықта қарастыруды қажет етеді. Осы бағытта отандық және шетелдік музейлер мен архивтердегі материалдарды салыстыру, жәдігерлердің электрондық дерек қорын қалыптастыру, түпнұсқалардың ғылыми көшірмелерін жасау және анықталмаған мұраларды әрі қарай іздестіру – зерттеудің негізгі перспективалық бағыттары болып табылады.

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы тәжірибесінде кесененің төл жәдігерлерін арнайы ғылыми зерттеу нысанына айналдыру (тайқазан, қабіржапқыш, қабірхана есігі, тоқпақша т.б.), он бір Ахмет туларын жаңғыртып қазандық бөлмесіне қою, тақырыптық көрмелерде Лувр мен Эрмитажда сақталған шырағдан нұсқаларының суреттерін және «Ясауи мөрінің», «Ясауи тәсбихінің» көшірмелерін ұсыну жұмыстары түпнұсқасы қолжетімсіз жәдігерлер туралы көрнекі түсінік қалыптастыру және кесене мұрасының тарихи тұтастығын көрсету мақсатына бағытталған бастамалар саналады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, нәтижелер Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қатысты тарихи-мәдени мұралардың тағдыры әлі де кешенді әрі жүйелі зерттеуді қажет ететінін көрсетті. Ясауи кесенесіне тиесілі жәдігерлерді сақталған, әкетілген орны анықталған және қазіргі орны белгісіз мұралар ретінде үш топқа жіктеу олардың тарихи тағдырын саралауға және ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында кесенеде сақталған Тайқазан, шырағдандар, есіктер, қабіржапқыш, лауха, құлпытастар және басқа да жәдігерлермен қатар, әр кезеңде шетелге әкетілген немесе жоғалған құнды мұраларға қатысты жаңа деректер нақтыланды.

Әсіресе, Ұлттық кітапхана, Өзбекстан

архивтері мен музейлері, Ресейдегі Эрмитаж, Франциядағы Лувр және басқа да шетелдік қорларда сақталған Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қатысты жәдігерлердің бар екендігі кесене мұрасының географиялық ауқымының кең екендігін көрсетеді. Сонымен бірге Ясауи мөрі, он бір Ахметтің тулары, қабірхана есігінің тоқпақшалары, тәсбих, кесене құжаттары мен кітаптары, сияқты қазіргі орны белгісіз мұралар жөніндегі архивтік, мерзімдік басылым және бейнелік деректер олардың болашақта қайта айқындалуына мүмкіндік беретін маңызды деректік негіз болып табылады.

Зерттеу жоғалған мұраларды іздестіруді тек оларды қайтару мәселесі ретінде емес, тарихи жадыны қалпына келтіру, ұлттық мәдени мұраны жүйелеу және ғылыми тұрғыдан қайта зерделеу үдерісі ретінде қарастыру қажеттілігін дәлелдейді. Осыған байланысты шетелдік музейлер мен архивтегі мұралардың көшірмелері мен сапалы бейнелерін алу, олардың ғылыми сипаттамаларын жасау, дереккөздерді салыстыра зерттеу, электронды дерекқор қалыптастыру және арнайы тақырыптық көрмелер ұйымдастыру маңызды. Бұл бағыттағы жұмыстар Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің тарихын толықтыра түсіп, оның Қазақстанның ғана емес, адамзаттың ортақ мәдени мұрасы ретінде ғылыми және рухани маңызын кеңінен танытуға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің AP26105447 «Түркістан облысының тарихи-мәдени және археологиялық ескерткіштері мәдени-тарихи туризмді дамыту контекстінде және олардың цифрландырылуы» тақырыбы бойынша гранттық қаржыландыру жобасы шеңберінде әзірленді.

Дереккөз

ҚР ПА – Қазақстан Республикасы Президенті архиві
ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві
ТОМА – Түркістан облысы мемлекеттік архив
ӨзР ОМА – Өзбекстан Республикасы орталық мемлекеттік архиві
ТВ – Туркестанские ведомости

Әдебиеттер

1. Аймауытов Ж., 1929. Әзірет Сұлтан. Жаңа әдебиет. №1. 70–81 б.
2. Альбом рисунков, 1906. Альбом рисунков помещенных в отчетах Императорской археологической комиссии за 1882–1898 годы. Санкт-Петербург: Типография Главного Управления Уделов, Моховая 40. 306 с.
3. Ахмеров П.Н., 1895-1896. Описание печати Ахмеда Ясави. Известия общества Археологии, истории и этнографии при Императорском Казанском университете. Том XIII. Выпуск I-6. 530–537 с.
4. Байтанаев Б.А., 2023. Уалтаева А.С., Байтанаев Е.Б. Из истории Туркестанского кружка любителей археологии (А.А. Диваев – В.А. Каллаур и В.В. Бартольд). Археология Евразийских степей №5. 293-303 с.
5. Басенов Т., 1947. Архитектурные памятники в районе САМ. Алма-Ата: Тип. Академии наук Казахской ССР. 51 с.
6. Витсен Н., 2006. Северная и Восточная Тартария. История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Т.6. Алматы: Санат. 312 с.
7. Гейнс А. К., 2014. Путешествие по Киргизским степям. Путешествие в Туркестан. 2 тома. Москва: Изд-во В. Секачев. 1132 с.
8. Дастанов О., 1967. «Әулиелі» жерлер туралы шындық. Алматы: «Қазақстан» баспасы. 80 б.
9. Дербісәлиев Ә., 1982. Шыңырау бұлақтар. Зерттеулер мен мақалалар. Алматы: «Жазушы». 256 б.
10. Добросмыслов А., 1912. Города Сырдарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата, Чимкент: Ташкент:эл.парт.типо-лит. О.А.Порцева, 204 с.
11. Дулатов М., 2019. Хазірет сұлтан. Түркістан. 7 қараша (№ 44). 6 б.
12. Жанибек У., 2002. Әмір Темір көрегеннің Ахмет Ясауи құтхана-мешітіне кепілдік (вакуф) - бұйрығы // Первые этнографы Казахстана (Автор предисловия и составитель Узбекали Жанибек).

Алматы. «Білім». 131–135 б.

13. Жәнібеков Ө., 1996. Тағдыр тағылымы. Алматы: Рауан. 192 б.

14. Жұртбай Т., 2001. Кеудесі қуыс қалған далам-ай...: Санкт-Петербургтағы музейлер мен архив мекемелері, ғылыми зерттеу институттары. Жұлдыз. №5. 105–115 б.

15. Иванов А.А., 1995. О молотках на дверях усыпальницы мавзолея Ходжа Ахмеда Ясеви. // Эрмитажные чтения 1886-1994 годов памяти В.Г.Луконина. Санкт Петербург. 105-108 с.

16. Иванов А.А., 1981. О бронзовых изделиях конца XIV века из мавзолея Ходжа Ахмеда Ясеви // Средняя Азия и ее соседи в древности и средневековье (история и культура). Под редакцией Б.А.Литвинского. Москва: Издательство «Наука, ГРВЛ. 68-84 с.

17. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, 2026. Алматы: "Эффект" ЖШС, 224 б.

18. Қожа Ахмет Ясауи, 1949. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің инженерлік-архитектуралық жағдайын тексеру туралы комиссиясының есебі. Алматы-Түркістан, 26 қазан. 1949 жыл.

19. Қожа Ахмет Ясауи насабнамасы, 2013. ҚР Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорынан. Түркістан: «Дәуір» баспасы. 4 б.

20. Лунин Б.В., 1958. Из истории русского востоковедения и археологии в Туркестане: Туркестанский кружок любителей археологии. (1895–1917 гг.). Ташкент: Изд-во Акад. наук УзССР. 320 с.

21. Маньковская Л.Ю., 1963. Исследования архитектурного комплекса – мавзолея Ахмеда Ясеви в городе туркестане и вопросы его реставрации. Диссертация на соискание ученой степени кандидата искусствоведения. Ташкент. 183 с.

22. Массон М.Е., 1929. О постройке мавзолея Ходжа Ахмеда в городе Туркестане. Т. XIX. Ташкент: Известия Средне-Азиатского географического общества. 42 с.

23. Массон Е.М., 1930. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясави. Ташкент: Узполиграфтрест. 24 с.

24. Муминов А., т.б., 2017. Исторические документы Йасави. Алматы: Мастер ПО ЖШС, 216 с.

25. Муминов А., Қожа М., 2018. Кесененің қолды болған жәдігерлері жайында // https://kozhalar.kz/20185734-kesenening-qoldy-bolghan-zhadigerleri-zhajynda (Қаралған күні: 03.08.2026)

26. Семенов А., 1926. Мечеть Ходжа Ахмеда Есевийского в г.Туркестане. Результаты осмотра в ноябре 1922 г. Вып. I. Ташкент: Известия Средно-Азиатского комитета по делам Музеев, охраны памятников старины, искусства и природы (Средазкомстарис). 130 с.

27. Пугаченкова Г.А., 1948. О резных деревянных колоннах XIV и XV вв. в Туркестане. Известия АН Каз ССР. Серия архитектурная. Вып.I. Алма-Ата. 40–53 с.

28. Тастанбеков М., Хумар Ж., 2020, Ахмет Ясауи кесенесіне тиесілі жәдігерлер. Әлем музейлеріне шолу // «Оңтүстік Рабат», №28, 9 шілде.

29. Тастанбеков М., Сыздыкова Г., 2021. Қожа Ахмет Ясауи қабірханасының есігі және жоғалған тоқпақшалар. Ясауи университетінің хабаршысы. №3. 160–172 б.

30. Тастанбеков М.М., Сыздықова Г.М., 2021. Жолбарыс хан өміріне қатысты кейбір мәселелер. Ясауи университетінің хабаршысы, №4 (122). 171–182 б.

31. Тастанбеков М., Байболов Б., Исаев М., 2024. Ясауи мөрінің ең көне бедері. ҚазҰУ хабаршысы. Bulletin of history. No3 (114). 190–199 б.

32.Тастанбеков М.М., Байболов, т.б., 2026, Қожа Ахмет Ясауи қабірінің жапқышы туралы зерттеулер. Мәдени мұра ғылыми журнал. №1 (112). 113–125 б.

33. Тұяқбаев М., 2000. Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар. Алматы. 96 б.

34. Тұяқбаев М., 2019. Әзірет Сұлтан кесенесінен алып кетілген жәдігерлер // «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы және Түркістан» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Түркістан, 17-18 қазан, 200–208 б.

35. Түркістан – руханият бесігі. 2018. Лингвистикалық-өлкетанымдық энциклопедия. Бірінші кітап. Алматы: Нұрнама. 480 б.

36. Ужфальви де Мезё-Ковёзд Ш.Е., 2006. Сырдарья-Зеравшан. Страна семи рек и Западная Сибирь // История Казахстана в западных источниках XII–XX вв. Т.7. Алматы: «Санат». 153–232 с.

37. Ужфальви-Бурдон, Мари де., 2006. Из Оренбурга до Самарканд // История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Т.7. Алматы: «Санат». 233–270 с.

38. Умняков И.И., 1929. Архитектурные памятники Средней-Азии: Исследование. Ремонт.

Реставрация : 1920–1928 гг. УзССР НКП. Глав. Средне-Азиат. музей. Ташкент: Изд-во тип.-лит. "Правда Востока". 47 с.

Sources

AP RK – Archive of the President of the Republic of Kazakhstan
CSA RK – Central State Archive of the Republic of Kazakhstan
SA TR – State Archive of Turkistan Region
CSA RUz – Central State Archive of the Republic of Uzbekistan
TV – Turkestanskie Vedomosti [Turkestan Gazette]

References

1. Ajmauytov Zh., 1929. Aziret Sultan [Hazret Sultan]. Zhana adebiet. №1. P. 70–81 [in Kazakh].
2. Albom risunkov, 1906. Albom risunkov pomeshennyh v otchetah Imperatorskoj arheologicheskoj komissii za 1882–1898 gody [Album of drawings included in the reports of the Imperial Archaeological Commission for the years 1882–1898]. Sankt-Peterburg: Tipografiya Glavnogo Upravleniya Udelov, Mohovaya 40. P. 306. [in Russian].
3. Ahmerov P.N., 1895-1896. Opisanie pechati Ahmeda Yasavi [Description of the seal of Khoja Ahmed Yasawi] . Izvestiya obshestva Arheologii, istorii i etnografii pri Imperatorskom Kazanskom universitete. Tom XIII. Vypusk I-6. P. 530–537. [in Russian].
4. Bajtanaev B.A., 2023. Ualtaeva A.S., Bajtanaev E.B. Iz istorii Turkestanskogo kruzhka lyubitelej arheologii (A.A. Divaev – V.A. Kallaur i V.V. Bartold) [From the history of the Turkestan Circle of Archaeology Lovers (A.A. Divayev – V.A. Kallaur and V.V. Bartold)]. Arheologiya Evrazijskih stepej №5. P. 293–303. [in Russian].
5. Basenov T., 1947. Arhitekturnye pamyatniki v rajone SAM [Architectural monuments in the SAM district]. Alma-Ata: Tip. Akademii nauk Kazahskoi SSR. 51 p. [in Russian].
6. Vitsen N., 2006. Severnaya i Vostochnaya Tartariya. Istoriya Kazahstana v zapadnyh istochnikah XII-XX vv. [Northern and Eastern Tartary. The History of Kazakhstan in Western Sources from the 12th to the 20th Century]. T.6. Almaty: Sanat. 312 p. [in Russian].
7. Gejns A. K., 2014. Puteshestvie po Kirgizskim stepyam. Puteshestvie v Turkestan. 2 toma. [A Journey through the Kyrgyz Steppes. A Journey to Turkestan. 2 volumes] Moskva: Izd-vo V. Sekachev. 1132 p. [in Russian].
8. Dastanov O., 1967. «Aulieli» zherler turaly shyndyқ [The truth about sacred places]. Almaty: «Kazaқstan», 80 p. [in Kazakh].
9. Derbisaliev Ә., 1982. Shynyrau bulaқtar [Abyss Springs]. Zertteuler men maқalalar. A., «Zhazushy». 256 p. [in Kazakh].
10. Dobromyslov A.I., 1912. Goroda Syrdarinskoj oblasti. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulie-Ata, Chimkent. [Cities of the Syrdarya region. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulie-Ata, Shymkent]. Tashkent: jel.part.tipo-lit. O.A.Porceva, 1912. 204 p. [in Russian].
11. Dulatov M., 2019. Haziret Sultan [Hazrat Sultan]. Turkistan. 7 қarasha, (№ 44). p.6 [in Kazakh].
12. Zhanibek U., 2002. Amir Temir koregennin Ahmet Yasaui қuthana-meshitine kepildik (vakuf) – bujrygy [The order of Amir Temir the visionary Akhmet Yassawi kukhana-mosque guarantee (Waqf)] // Pervye etnografy Kazahstana (Avtor predisloviya i sostavitel Uzbekali Zhanibek). Almaty: «Bilim». P. 131–135. [in Kazakh].
13. Zhanibekov O., 1996. Tagdyr tagylymy [Lessons of fate]. Almaty: Rauan. 192 p. [in Kazakh].
14. Zhurtbaj T., 2001. Keudesi kuys қalgan dalam-aj...: Sankt-Peterburgtagy muzejler men arhiv mekemeleri, gylymi zertteu instituttary [Dalam-AI, whose chest remains hollow...: Museums and archival institutions, research institutes in St. Petersburg]. Zhuldyz. №5. - Pp.105-115. [in Kazakh].
15. Ivanov A.A., 1995. O molotkah na dveryah usypalnicy mavzoleya Hodzha Ahmeda Yasevi [About the hammers on the doors of the tomb of the mausoleum of Khoja Ahmed Yassawi] Ermitazhnye chteniya 1886–1994 godov pamyati V.G.Lukonina. Sankt Peterburg, Pp 105–108. [in Russian].

16. Ivanov A.A., 1981. O bronzovyh izdeliyah konca XIV veka iz mavzoleya Hodzha Ahmeda Yasevi [On the bronze artifacts from the late 14th century found in the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi] Srednyaya Aziya i ee sosedi v drevnosti i srednevekove (istoriya i kultura). Pod redakciej B.A.Litvinskogo. M.: Izdatelstvo «Nauka, GRVL, Pp 68-84 [in Russian].

17. Kozha Ahmet Yasaui kesenesi [Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi], 2023. – Almaty: "Effekt", 208 p. [in Kazakh].

18. Kozha Ahmet Yasaui, 1949. Kozha Ahmet Yasaui kesenesinin inzhenerlik-arhitekturalyk zhagdajyn tekseru turaly komissiyasynyn esebi [Report of the commission on the inspection of the engineering and architectural condition of the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi]. Almaty-Turkistan, 26 қazan, 1949 zhyl. [in Kazakh].

19. Kozha Ahmet Yasaui nasabnamasy [Genealogy of Khoja Ahmed Yasawi], 2013. ҚR Ulttyk kitaphanasynyn sirek kezdesetin kitaptar men қolzhazbalar қorynan. Turkistan: «Dauir» baspasy, 4 p. [in Kazakh].

20. Lunin V.V., 1958. Iz istorii russkogo vostokovedeniya i arheologii v Turkestane [From the history of Russian Oriental studies and archaeology in Turkestan]. Tashkent: Academ. nauk UzSSR. 320 p.[in Russian].

21. Mankovskaya L.Yu., 1963. Issledovaniya arhitekturnogo kompleksa – mavzoleya Ahmeda Yasevi v gorode Turkestane i voprosy ego restavracii [Research on the architectural complex – the mausoleum of Ahmed Yasawi in the city of Turkestan – and issues related to its restoration.]. Dissertaciya na soiskanie uchenoj stepeni kandidata iskusstvovedeniya. Tashkent. 183 p. [in Russian].

22. Masson M.E., 1929. O postrojke mavzoleya Hodzha Ahmeda v gorode Turkestane [About the construction of the Haji Ahmed Mausoleum in the city of Turkestan]. T. XIX. Tashkent: Izvestiya Sredne-Aziatskogo geograficheskogo obshestva. 42 p. [in Russian].

23. Masson E.M., 1930. Mavzolej Hodzha Ahmeda Yasavi [Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi]. Tashkent: Uzpoligraftrest, 24 p. [in Russian].

24. Muminov A., t.b., 2017. Istoricheskie dokumenty Jasavi [Historical documents of Yasawi]. Almaty: Master PO, 216 p. [in Russian].

25. Muminov A., Khozha M., 2018. On the relics of the mausoleum / kozhalar.kz/20185734-kesenening-qoldy-bolghan-zhadigerleri-zhajynda (Accessed: 03.08.2026)

26. Semenov A., 1926. Mechet Hodzha Ahmeda Esevijskogo v g.Turkestane. Rezultaty osmotra v noyabre 1922 g. [The Mosque of Khoja Ahmed Yesevi in the city of Turkestan. Results of the inspection in November 1922.] Vyp. I.Tashkent: Izvestiya Sredno-Aziatskogo komiteta po delam Muzeev, ohrany pamyatnikov stariny, iskusstva i prirody (Sredazkomstaris). 130 p. [in Russian].

27. Pugachenkova G.A., 1948. O reznyh derevyannyh kolonnah XIV–XV vv. v Turkestane [About the carved wooden columns of the 14th and 15th centuries in the city of Turkestan.] // Izvestiya AN Kaz SSR. Seriya arhitekturnaya. Vyp.I. Almaty. 40–53 p. [in Russian].

28. Tastanbekov M., Humar Zh., 2020, Ahmet Yasaui kesenesine tiesili zhadigerler. Alem muzejlerine sholu [Exhibits belonging to the mausoleum of Ahmed Yasawi. Overview of Museums of the world] // «Ontүstik Rabat», №28, 9 shilde. [in Kazakh].

29. Tastanbekov M., Syzdykova G., 2021. Kozha Ahmet Yasaui rabirhanasynyn esigi zhane zhogalgan tokpakshalar [The door of the Tomb of Khoja Ahmed Yasawi and the lost tokpak]// Yasaui universitetinin habarshysy, №3. 160–172 p. [in Kazakh]

30. Tastanbekov M.M., Syzdykova G.M., 2021. Zholbarys han omirine katysty keibir maseleler [Some issues related to the life of Zholbarys Khan]// Yasaui universitetinin habarshysy, №4 (122). 171–182 p. [in Kazakh].

31. Tastanbekov M., Bajbolov B., Isaev M., 2024. Yasaui morinin en kone bederi [The oldest relief of the yassawi seal]. ҚazUU habarshysy. Bulletin of history. No3 (114). P. 190–199. [in Kazakh].

32.Tastanbekov M.M., Bajbolov, t.b., 2026, Kozha Ahmet Yasaui kabirinin japkyshy turaly zertteuler [Research on the cover of the Tomb of Khoja Ahmed Yasawi]. Madeni mura gylymi zhurnal. №1 (112). 113–125 p. [in Kazakh].

33. Tuyakbaev M., 2000. Turkistanda zherlengen tarihi tulgalar [Historical figures buried in Turkestan]. Almaty. 96 p. [in Kazakh].

34. Tuyakbaev M., 2019. Aziret Sultan kesenesinen alyp ketilgen zhadigerler [Exhibits taken from

the mausoleum of azret Sultan] / «Kozha Ahmet Yasaui murasy zhane Turkistan» halykaralyk gylymi-tazhiribelik konferenciya materialdary. – Turkistan, 17-18 қazan. 200-208 p. [in Kazakh].

35. Turkistan – ruhaniyat besigi [Turkestan is the cradle of spirituality]. 2018. Lingvistikalyқ-olketanymdyқ enciklopediya. Birinshi kitap. Almaty: Nurnama,– 480 p. [in Kazakh].

36. Uzhfalvi de Mezyo-Kovyozd Sh.E., 2006. Syrdarya-Zeravshan. Strana semi rek i Zapadnaya Sibir [Syr Darya–Zeravshan. The Land of Seven Rivers and Western Siberia] // Istoriya Kazahstana v zapadnyh istochnikah XII-XX vv. T.7. Almaty: «Sanat». 153–232 p. [in Russian].

37. Uzhfalvi-Burdon, Mari de., 2006. Iz Orenburga do Samarkand [From Orenburg to Samarkand] // Istoriya Kazahstana v zapadnyh istochnikah XII-XX vv. T.7. Almaty: «Sanat». 233-270 p. [in Russian].

38. Umnyakov I.I., 1929. Arhitekturnye pamyatniki Srednej-Azii: Issledovanie. Remont. Restavraciya: 1920–1928 gg. [Architectural Monuments of Central Asia: A Study. Repair. Restoration: 1920–1928.] / UzSSR NKP. Glav. Sredne-Aziat. muzej. Tashkent: Izd-vo tip. lit. "Pravda Vostoka". 47 p. [in Russian].

***Тастанбеков М.М.[1], Сандыбаева А.Д.[2]**
[1]Национальный историко-культурный музей-заповедник «Әзірет Сұлтан»
Туркестан, Республика Казахстан
[2]Международный университет туризма и гостеприимства
Туркестан, Республика Казахстан
e-mail: murat-t@mail.ru

ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЕ ЦЕННОСТИ МАВЗОЛЕЯ ЯСАВИ

Аннотация. В статье рассматриваются историко-культурные ценности мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави в качестве объекта всестороннего исследования. Целью работы является поиск согласно документальным материалам и определение местонахождения реликвий, хранившихся в мавзолее и вывезенных в различные исторические периоды. На основе архивных материалов, периодических изданий, мемуаров и научных статей представлены научные сведения об утраченных, похищенных и вывезенных предметах, находившихся в мавзолее Ходжи Ахмеда Ясави – уникальному памятнику архитектуры, внесенному в Список Всемирного наследия ЮНЕСКО до постановки объекта под охрану государства. Историко-культурные ценности, из мавзолея Ясави разделены на три группы: сохранившиеся в самом мавзолее обнаруженные за пределами комплекса и памятники с неизвестным местонахождением. Представлены новые данные и научный анализ, направленные на осмысление и популяризацию малоизвестных аспектов мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави как выдающегося наследия Казахстана, а также на выявление историко-культурных ценностей, принадлежавших комплексу и хранящихся в музеях, архивах и библиотеках Казахстана и зарубежных стран. В ходе исследования применялись методы источниковедческого анализа, сопоставления фактического материала и критического осмысления. Кроме того, в статье сформулированы рекомендации, касающиеся выявления и получения копий и изображений памятников историко-культурного наследия, их детального изучения, введения в научный оборот, организации тематических экспозиций, а также расширения источниковой базы по истории мавзолея.

Ключевые слова: Ходжа Ахмет Ясави, Хазрет Султан, мавзолей Ясави, Туркестан, подсвечник, экспонат, музей, выставка, архив.

Для цитирования: Тастанбеков М.М., Сандыбаева А.Д. Историко-культурные ценности мавзолея Ясави // Мәдени мұра. 2026. №3 (114). С. 274-294 (каз.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.19

***Tastanbekov M.[1], Sandybayeva A.[2]**
[1]National Historical and Cultural Museum-Reserve "Azret Sultan"
Turkestan, Kazakhstan
[2]International University of Tourism and Hospitality
Turkestan, Kazakhstan
e-mail: murat-t@mail.ru

HISTORICAL AND CULTURAL HERITAGE OF THE YASAWI MAUSOLEUM

Abstract. The article examines the historical and cultural heritage of the Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi as an object of comprehensive research. The aim is to identify, based on documentary sources, the location of relics once kept in the mausoleum and removed during different historical periods. Drawing on archival materials, periodicals, memoirs, and scholarly publications, the study presents evidence concerning objects that were lost, stolen, or removed from the mausoleum, a unique architectural monument inscribed on the UNESCO World Heritage List prior to its designation for state protection. The historical and cultural valuables are divided into three groups: preserved within the mausoleum, found outside the complex, and of unknown whereabouts. The study presents new data and scholarly analysis aimed at promoting a better understanding of little-known aspects of the mausoleum as an outstanding part of Kazakhstan's cultural heritage and identifying valuables associated with the complex that are currently held in museums, archives, and libraries in Kazakhstan and abroad. The research employs source-critical analysis, comparison of factual evidence, and critical interpretation. The article also offers recommendations for identifying and acquiring copies and images of heritage objects, their detailed study, scholarly dissemination, thematic exhibitions, and expanding the source base for research on the history of the mausoleum.

Keywords: Khoja Akhmet Yasawi, Hazret Sultan, Yasawi Mausoleum, Turkestan, candlestick, exhibit, museum, exhibition, archive.

For citation: Tastanbekov M., Sandybayeva A. Historical and cultural heritage of the Yasawi Mausoleum // Madeni mura. 2026. №3 (114). pp. 274-294 (in Kaz.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.19

Авторлар туралы мәлімет:
Тастанбеков Мұрат Мейірбекұлы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Түркістан, Қазақстан.
ORCID: 0000-0003-0289-9024
Scopus Author ID: 57191092037
Сандыбаева Акмарал Даирқызы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Гуманитарлық мектептің доценті, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан.
ORCID: 0000-0003-1244-3610
Scopus Author ID: 57213165881

Сведения об авторах:
Тастанбеков Мурат Мейрбекович, кандидат исторических наук, доцент, Заместитель директора по научным работам, Национальный историко-культурный музей-заповедник «Әзірет Сұлтан», Туркестан, Казахстан.
ORCID: 0000-0003-0289-9024
Scopus Author ID: 57191092037
Сандыбаева Акмарал Даировна, кандидат исторических наук, доцент, доцент Гуманитарной

школы, Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан.
ORCID: 0000-0003-1244-3610.
Scopus Author ID: 57213165881

Information about authors:
Tastanbekov Murat Meirbekuly, Candidate of Historical Sciences, docent, Deputy Director for Scientific Affairs, National Historical and Cultural Museum-Reserve "Azret Sultan", Turkistan, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0003-0289-9024
Scopus Author ID: 57191092037
Sandybayeva Akmaral Dairkyzy, Candidate of Historical Sciences, docent, Associate Professor at the School of Humanities, International University of Tourism and Hospitality, Turkistan, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0003-1244-3610
Scopus Author ID: 57213165881

Нурбаева Аида Мухтарқызы, PhD, қауымдастырылған профессордың міндетін атқарушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы.
ORCID: 0000-0003-1653-0383
Scopus ID: 56646603500
Рустемова Айгуль Ерболатқызы, түркітану кафедрасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы.
ORCID: 0000-0002-7091-6327

Information about the authors:
Baigazh Aizhan, Doctoral student of the Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.
ORCID: 0000-0002-2939-9292
Scopus ID: 57194520412
Nurbayeva Aida Mukhtarovna, PhD, Acting Associate Professor of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.
ORCID: 0000-0003-1653-0383
Scopus ID: 56646603500
Rustemova Aigul Yerbolatqyzy, Doctoral student of the Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.
ORCID: 0000-0002-7091-6327